Шыныменде, егер қазіргі замандағы «шынайы» философияның өлшемі ретінде тек батыстық модельді алатын болсақ, онда оған ұқсамайтын, сәйкес келмейтін барлық ұлттық философиялар «философия» деп аталудан қалады. Олар неміс классикалық философиясындай гносеологиялық және логикалық мазмұнның, теориялық құралдардың және категориялық безендірудің жоқ екенін желеу етеді. Бірақ бұндай дәйектеудің түп негізі күйреген. Өйткені әлемді рухани игеруде, зерделеуде қатып қалған бір ғана философиялық үлгі болуы мүмкін емес. Сонымен қатар философияны діннен бөліп тастап, оның арасына оған өтпейтіндей қорған тұрғызу әрекеттері де өткенгі күннің дәстүрінен туындаған әрекет болары анық. Себебі, «орыстың діни философиясы» деген ұғымның қоғамдық ғылымда бекігені жұртшылыққа белгілі. Діннің қоғамдық санада алатын тарихи қомақты орнымен санасатын уақыт келді. Сонымен қатар бұл дүниетанымдық және әлеуметтік факторды елемеушілік үлкен жаңылысу болып табылатыны анық.

Жалпы адамзаттың рухани әлемінде Ақиқатқа қарай ұмтылудың даналыққа толы пайымдаулары сан түрлі формада көрініс бермей ой-саналық даму туралы жартымды сөз қозғау болмасы анық. Сондықтан әрбір халықта өзіндік философия қалыптасқан және бар деген жөн. Олар болашақта әр қайсысы өз шамасы келгенше адамзаттың жалпы мәдениетіне шығармашылық тұрғыдан өз үлестерін қоса беретініне күмән келтіруге болмайды. Бұл тұжырымдарды толығымен кешегі түркілік заманнан бастау алған қазақ философиясына да байланысты айтуға болады. Философия әмбебапты дүниені әмбебапты заңдылықтарды пайымдайтын жоғары деңгейдегі зерделеуші құрылым болғанмен ол белгілі ұлттық тілдің көмегіне сүйенеді, оны құрал ретінде арқа сүйейді. Сондықтан философиялық пайымдаудың ұлттық типі туралы толық айтуға болады деген ойдамыз.

Сонау тарихтың қойнауында жатқан рухани мұраларымызды, тарихи тұлғаларымызды қайта жаңғыртудың арқасында Қорқыт, әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Хусамеддин Сығнаки, Сүлеймен Бақырғани, Асан қайғы, Жалайыри, Дулати, Әбілғазы, Рабғузи, қазақтың атақты жыраулары мен би-шешендері және тарихтың берідегі «Зар-заман ақындары», Махамбет сияқты есімдердің философиялық мағынада халықтың жадында жанданғаны белгілі және олардың дүниетанымдық дәстүрлер тұрғысынан қазіргі кезеңде жан-жақты зерделеулерден өткізілу заңды құбылыс. «Қазақ ағартушылары» деген ұғыммен қатар XX ғасырдың басына теліп жүрген «қазақ зиялылары» деген атаудың өзі қазақ руханиятының белсенді көріністерінің қатарына жатады. Қазақ руханиятыны саралай түсу үшін осы рухани құбылыстарды жете түсіне білуіміз керек және оны заманауи кезеңмен байланыстыру шарт.

Жоғарыда аталған қазақ ғұламаларының шығармашылығына қарап қазақ халқының басқа халықтар сияқты философиялық ойлау жүйесі мен қайталанбас өзіндік этноділдік ерекшеліктері бар екендігін айтуға бола-

ды [2]. Ал сонымен қатар халықтың әлем туралы терең рационалдық және көркем образдары мен түсініктерінен қалыптасқан дүниетанымына қарап [3], оның тарихта әртүрлі қиындықтарға телініп қалмайтын ұлттық рухы мен ділінің биік өзіндік қайталанбас деңгейі болғанын тұжырымдауға болады. Әрине, ғалымдарымыздың терең дәйектемеге сүйенген ғылыми зерделеулері руханияттың құрылымындағы ерекше қасиеттерді айқындай түсері анық.

Әдебиеттер

- 1 *Назарбаев Н.Ә.* Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 263 б.
- 2 *Орынбеков М.С.* Қазақ философиясына кіріспе // Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының хабарлары. – Алматы, 1993. – № 3. – 230 б.
- 3 *Қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этномәдени негіздер.* – Алматы: ФСДИ, 2013. – 352 б.

Резюме

Нурмуратов С.Е. Этноментальные особенности духовности казахского народа

Духовность казахского народа, в которой хорошо выражена суть национального характера и менталитет народа, открыта к другим культурным влияниям и традициям, она всегда свободно воспринимала любой полезный и продуктивный опыт. В связи с этим можно смело утверждать, что казахская философская мысль всегда была не безразлична к происходящим в мире явлениям, осмысливая их под углом этического и эстетического восприятия. В данной статье рассматривается тот факт, что поэзия у казахов этноментальная доминанта и она особый тип самого философствования, насыщенного серьезными раздумьями о духовном существовании народа.

Summary

Nurmuratov S.E. The Ethnomentality Features of Spirituality of the Kazakh People

The spirituality of the Kazakh people, which is well, expressed the essence of the national character and mentality of the people. It's open to other cultural influences and traditions that always free of any perceived useful and productive experience. In this regard, we can say that the Kazakh philosophical thought has always been not indifferent to what is happening in the world of phenomena, conceiving them at an angle of ethical and aesthetic perception. The article discusses the fact that Kazakh's poetry ethnomentality dominant and it is the special type of philosophizing, saturated serious contemplation of the spiritual existence of the people.



УДК 32.001

Жазира Ошақбаева

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ИДЕЯСЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

Аннотация. Мақалада қазақ зиялыларының алғашқы орыс революциясы берген әлеуметтік және саяси жеңілдіктерді пайдаланып, қазақ халқын феодалдық-патриархалдық шенеуліктен алып шығуға, патшаның отаршылдық құлдығынан құтқаруға, оларға өнер-білім, ғылым жолын, өз алдына дербес ел болу жолын көрсетуге ұмтылғандығы зерделенеді. Олар өмірдің объективті жағдайларын күшпен емес сананы өзгерту арқылы жеңуге болатынын түсінді, ойлары бір жерде тоғысты, ортақ мақсат жолында күш біріктірді, сол жолда аяңбай тер төкті. Қазақтың алғашқы оқығандары жалаң сөз, жадағай ұранға баспай, бұл ойларын нақты іспен негіздеп, қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі.

Түйін сөздер: мемлекет, құндылық, қазақ зиялылары, алашорда, ұлт, қоғам, таптық мүдде, еркіндік, теңдік, тәуелсіздік.

Тарих сахнасына алашорда үкіметін алып келген жалпы ұлттық күрестің басында ұлт зиялылары тұрды. Олардың ортақ түсінігі бойынша отарлық езгі мен феодалдық мешеулік жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғап, қазақ елін өркениетті елдер қатарына алып шыға алатын жол – ұлттық мемлекеттік құрылымның болуы еді.

Жетпіс жылдан астам уақыт жүріп өткен тарихи жолымыз көрсетіп бергендей қоғам қайраткерлері тәуелсіз дербес мемлекет құру жолын таңдай отырып, қателескен жоқ еді. Ұлттық қанау мен ұлттық теңсіздік болған жерде езілген елдердің табиғи талаптары мен мүддесін қорғайтын саяси институттарға сұраныс та қалыптаспақ. Осы негізде пайда болған мемлекеттің саналы түрде жалпы ұлттық мұраттарға қол жеткізуді көздейтін шараларды іске асыруы да табиғи нәрсе, ал «Алаш» партиясының өмірге келуі де тарихи қажеттіліктен туған болатын.

XX ғасырдың басы қазақ киген отаршылдық қамыты қатайып, мойын бұрғызбай, күшейе түскен кезі еді. Өткен ғасырдың аяқ кезінде Орталық Ресейден келген орыс шаруалары жаппай қазақ өлкесіне көшіріліп, патша әкімшілігінің зорлығымен жергілікті халықтың оты-суы мол, ең шұрайлы жерлері қоныстанушыларға тартып әперілді. Дамудың мешеу күйінде тұрған елді отаршылдық пен ұлттық езгі екі жақтан қыспаққа алды. Қазақ

елінің болашағына қауіп төнді. Патшалық Ресей қазақтарды сауатсыз етуге, тек ескі мұсылман дінінің шырмауында ұстауға тырысты. Сондықтан олар дін иелеріне кеңшілік беріп, олардың озбырлық істерін жауып тастап отырды. Баспаларда негізінен, пайғамбарлар мен олардың сахабалары, әулие-әнбиелері туралы қиссалар, түрлі діни-мистикалық поэмалар жарық көрді. Олар қазақ, татар, парсы т. б. тілдердің араласқан түрінде болды. Патша үкіметінің медреселер салдырып, Құранды бастырып, қазақтарға тегін таратудағы мақсаты халықтың ой-санасын дінмен шырмап ұстау арқылы билеп-төстеу еді. Мұсылман халықтарының еуропалық басқыншыларға қарсы күресі бой көрсетіп жатқан тұста Ресей империясының қол астындағы мұсылмандардың мұсылмандар бірлестігі туралы идеяны көтере бастауы патша үкіметін алаңдата бастаған еді. Бұл жағдай сол кезде ұлттық сана-сезімдері оянып, туған халқының қамын ойлаған қазақтың зиялы азаматтарына қозғау салды. Мұндай қапастан құтылудың ең бірінші қадамы – надандықтан арылу, ілгері елдің қатарына қосылу, өнер-білімге тартылу деп біліп, осы бағытта насихат жұмысын өрістетті.

Қазақ зиялыларының топтасуына түрткі болған саяси оқиға 1905–1907 жж. революция еді, ол кезде ұлттық басылым болмаған. 1911 ж. 11 қаңтарда Троицк қаласында Мұқаметжан Сералиннің басшылығымен «Айқап» журналы жарық көрсе, 1913 ж. 2 февральда «Қазақ» газетінің бірінші саны жарыққа шығады. «Қазақ» газетінің бас редакторы Ахмет Байтұрсынов, ал жауапты хатшысы Міржақып Дулатов болады. «Қазақ» газеті халықтың ұлттық сана-сезімін оятып қана қоймай, сол кездегі халықаралық жағдай, экономика, мәдениет, тарих, дін мәселелерін де қамтиды. Газеттің шығуы мен ел ішіне тарауы да оңайға түспеді, онда басылған материалдар да ел билеушілердің, патша өкіметінің көңілінен шыға бермеді. «Қазақ» газеті осынау аз ғұмырының ішінде барша қазақ зиялыларын ортақ мақсат жолында топтастыра алды, тынымсыз соғылған қоңырау сынды халықтың қалғи бастаған рухын оятып, мыңдаған зерделі жасты ұлттық тәуелсіздік туының астына жинай білді. Қазақ тарихындағы ең алғашқы ірі саяси-қоғамдық ұйым: ұлттық-демократиялық «Алаш» партиясының ұйымдасуына ұйытқы болған да осы газет. Заман аударылып-төңкеріле бастаған тұста Қазақ елін аласапыраннан аман-есен алып шығып, өз алдына дербес автономиялық мемлекет мәртебесіне жеткізуді мұрат тұтқан Алашорда үкіметінің үні болған да осы газет. Амал не, сөз жүзінде езілген ұлттар құқығын мойындауды жария еткенімен, іс жүзінде мүлде басқа принципті басшылыққа алған Кеңес өкіметінің қаһарына қарсы тұру мүмкін болмай қалды», – деп жазады академик Әбдімәлік Нысанбаев [1, 105 б.]. «Қазақ» газетінің мақсаты қазақ қоғамын оятып, ұлттық езгіге қарсы күрес жолына алып шығу еді. Олар қоғамға білім тарату арқылы қоғамдық өзгерістер жүзеге асатынын, дүниежүзілік өркениетке тек ғылым мен ағартушылық жұмыстары арқылы жететінін түсінді. «Бұл – қоғам дамуы тудырған өмірдің жаңа талабы, та-

рих сұранысы еді. Мұндай сұранысқа жауап беретін ел басшысын да тарих дайындауға тиіс болды. Бұрынғы хандар мен билердің, батырлардың заманы өткен. Енді ел бастаушы ақылмен, біліммен қаруланған, ел санасына қозғау салатын ойлы тілі бар, алдағыны болжай алатын саяси-әлеуметтік сезімі бар адам болуы қажетті» [2, 14 б.]. Ахмет, Міржақып, Жүсіпбек, Әлихан, Мағжан т.б. ұлт зиялылары бұл тарихи міндетті абыроймен атқарды. «Қазақ» газеті ұлт-азаттық қозғалысының бостандық үшін күрес идеясына ұласуына зор әсер етті. Алашорда құрылған тұста тәуелсіз мемлекеттің идеологиясына негіз болған осы идеялар болатын. Ахмет пен Міржақып идеясы елді оятты. Алдымен ойы бар, ақылы бар жас таланттар оянды. Олар ұстаздарының ісін жалғастырып алып кетті. С. Торайғыров, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Дөнентаев, С. Көбеев, М. Сералин, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов сияқты жастар бірін-бірі толықтыра түсті. Сол бір аласапыран тұста олар қазақ халқының тағдырына қатысты оқиғаларға өз көзқарастарын ашық білдіріп отырды. Қазақ қоғамының дамуында ұлттық демократиялық бағыт ұстанды. Патша саясатының қатаң сыншысы болды, бірақ орыс халқына теріс көзқараста болған жоқ. Ұлтаралық сөзге, іске бармады. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің мақсат-міндеттері жайлы ой-пікірлерінде олардың қайраткерлік тұлғасы танылады. Олардың сын мақалаларында, зерттеулерінде, өлеңдерінде қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғау идеясы жатыр.

Ұлт зиялыларының ақындық сөздері қалың қазаққа арналды, халқын ұйқыдан оянуға, елдің қазіргі күйіне көз салып, ілгері ұмтылуға, азаттық, бостандық жолына үндеді. Осындай мазмұнда жазылған Ахмет Байтұрсыновтың «Масасы» мен Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» кітаптары қазақ қоғамындағы ең алғаш айтылған өткір сөздердің бірі болды.

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты
Өткізбей қараңғыда бекер жасты!
Жер кетті, дін нашарлап, Хал ырам боп,
Қазағым, енді жату жарамасты! –

«Оян, қазақ!» жинағының қара сөзбен жазылған кіріспесінде заман күн сайын өзгеруде, біз осылай қозғалмай жата берсек, не боламыз, бұған ұрынбау үшін екі нәрсе қажет дейді:

«...соның үшін мұсылманша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін, көңілін ашып, мұнымен ахиреттік пайдамызды табалық. Екінші дүниемізді қажетті хақыларымызды алып, жерімізді, малымызды сақтау үшін, басқалардан қорлық көрмеу үшін орысша оқып, өнерлі болалық» [3, 15–16 бб.]. Әр адам жеке басының ғана қамын ойламай, елінің, ұлтының қамын ойлауы керек, ұлтына жақсылық жасаған адамның аты ұрпақтан ұрпаққа тарайды. Міржақып Дулатов өмірінің мәні де осында еді. «Қайтсек жұрт боламыз?» деген мақаласында патшаның от-

арлау саясатынан құтылу үшін, елдігімізді, тілімізді, дінімізді сақтау үшін не істеуіміз керек дей отырып, ол үшін мемлекет, автономия құруымыз керек, кім күшті болса, сол жұрт болып дегеніне жетеді, күш дегеніміз ол – әскер дейді. «Бұл заманда әскері жоқ жұрт жұрт емес, құл. Біз қазір екі жолдың тарауында тұрмыз, қайсысына түсетін болсақ та ерік өзімізде» [4, 263–264 бб.], яғни бір жолы құлдық, екіншісі жұрттық жолы. Автономия алу жолына кірісіп, милициямызды жасап, алаш үкіметімізді нығайтсақ бізді ешкім басынбайды. Үкіметі бар, әскері бар жұрт деп бізбен әркім есептеседі деген ой айтады. Өмірдің мәні тағдырға мойынсұнып, басына не түссе соны көріп отыра беру емес, ел болуға, жұрт болуға, өркениеттілікке талпыну. Ол қазақ халқының даму деңгейі төмен, отар халық емес, тағы, дөрекі емес екендігін, бейбітшілік сүйгіштігін дәлелдеуге тырысты. Жалпы қазақ халқының жақсы өмірге жетуіне қажетті басты нәрсе – еркіндік пен тәуелсіздікке жету деп, оны өз шығармаларында көрсете білді. Бұл жолда қарсы тұрушылар мен көре алмаушылардың да бар екендігін айтып, екі түрлі адамды суреттейді. Біреулері – қаны қарайған, ұлт намысы дегенді білмейтін, ойлағаны жамандық, надан адамдар. Бұларға елдің бүлінгені керек. Екіншісі – ел ішіндегі партия құмарлар. Бұлар баққа таласқан, істеген ісінің зиян екенін ойламайтын надандар дейді. Адамгершілігі жоқ адамның хайуаннан айырмасы жоқ. Адамдық қасиеттерді дамыту адамның өзінің қолында. Өз алдына ел болғысы келген жұрт адамгершілігін, ар-ұятын сақтау керек екендігін ақын ескертеді. Жұрттықты ойлап, бірлік қылсақ, алаш тілегін тілесек жолымыздың болғаны дейді.

Патшалық отарлау саясатының ашықтан-ашық халықты орыстандыруға көшкенін көрген ұлт зиялылары өз ойларын «Қазақ» газетінде жариялады. Петроградта өткен мұсылмандар съезінің жұмысында қаралған өз талаптарын ашық айта білді. Дін басылары мүфтиден бастап ауыл, село молдалары сайлау арқылы өтсін, мұсылман дін басыларына орыс топтарымен бірдей жалақы төленсін, ауылдарда діни медреселер, мектептер ашылсын деген тілектерін білдірді, яғни халық ең алдымен өз тілін, дінін, әдет-ғұрпын білу керек екенін жеткізе білді. Алдымен ауылда қазақша оқып, содан кейін қалаға барып орыс тілінде білім алу керек деп дәлелдеуге тырысты.

Жиыrmасыншы ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының өз тарихи миссиясын абыроймен атқарып шыққаны анық. Олар патшалық және кеңестік отарлаушылардың дүлей күші алдында төтеп бере алмағанына қарамастан сол замандағы қазақ қоғамының ең ықпалды саяси-әлеуметтік күші бола білді.

Жүсіпбек Аймауытов жалпы адамзаттық құндылықтарды таптық мүддеден жоғары қойды. Ол таптық көзқарастың адамның дүниетанымын шектейтініне, рухани құбылыстарға кедергі болатынына көзі жетіп, өз көзқарастары үшін батыл күресті. Өзі өмір сүрген қоғамның идеологиясын терең түсінген Жүсіпбек қазақ халқын ұлттық қалыптан айыру қаупі

тұрғанын сезді. Бұл жағдайдан тек ұлттың ой-санасын ояту арқылы ғана сақтап қалуға, сол арқылы халықты еркіндікке, тәуелсіздікке жеткізуге болатынын дәлелдеді. Ж.Аймауытов ақпан буржуазиялық революциясын шын ықыласымен қарсы алды, ол халыққа еркіндік, теңдік, бақыт әкеледі деп сеніп, «Алға, жастар!», «Кедейлер бірігіңдер!» деген мақалаларын жазды. Кезінде ел басқарып, тонап үйреніп қалған байлар мен олардың балаларына қазір теңдік, еркіндік кезеңі келді, сондықтан ойланыңдар, теңсіздікке жол бермейміз деді.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қатарында болған Мағжан Жұмабаев та қоғамды өзгерту мақсатында олармен бірге саяси іске араласты, ел болашағын өлеңмен өрнектеді:

...Алдындағы малымен
Бірге жусап, бірге өрген,
Алаш деген елім бар.
Неге екенін білмеймін –
Сол елімді сүйемін! [5, 79 б.].

Мағжан саясатқа өз басының қамы үшін емес, ұлтының қараңғы, нандан қалпын ойлап араласты. Ұлттың тарихи және философиялық зердесін оятып, рухын көтеру арқылы ғана бодандықтан құтылуға, ел тәуелсіздігіне қол жеткізуге болады деп есептеді. Қазақ зиялыларын топтастырған ортақ мұрат бодандық бұғауынан жаншылған халқын құлдықтан құтқару, өркениетті ел қатарына қосу болды, Мағжан да осы мұратты жүзеге асыру жолдарын іздеп, халықтың ұлттық намысы мен ұлттық рухын көтеру қажеттігін сезініп, өршіл жырларын арнаған.

Отаршылдармен жаңаша күресу керектігін түсінген Мұстафа Шоқай сипаты мен мүддесі ұлттық тұрғыда болмай тәуелсіздіктің келмейтінін түсінді. Ұлттық мүдде үшін саналы түрде эмигранттық жолды тандап алды. Шетелде жүріп халқының шынайы еркіндігін халықаралық саяси сахнада әлемдік қауымдыққа білдіру үшін күш салды. Жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттердің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі, ал халық бұқарасынан қолдау көрмеген жағдайда зиялы қауым ештеңе істей алмайды. Сондықтан «халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни оны жат үстемдіктің тепкісінен құтқарып өз мекемелеріне ие, тәуелсіз бір жеке тұлғаға айналдыру сынды негізгі мақсатқа жету үшін, ұлттық зиялы қауым мен ол өзі тән болып отырған халық бұқарасы арасында бір ортақ сана болуы тиіс. Міне, осы сананы айқындау, яғни халық тілегін дұрыс және анық бір формаға келтіру, аталған мақсатқа жету үшін іс пен әрекет бағдарламасын жасау зиялылардың міндеті», – дейді Мұстафа [6, 176 б.].

Патша үкіметінің жымысқы саясатын бірден аңғарған ұлт зиялылары өмірдің объективті жағдайларын күшпен емес сананы өзгерту арқылы жеңуге болатынын түсінді, олардың ойы бір жерде тоғысты, ортақ мақсат жолында күш біріктірді, сол жолда аяңбай тер төкті. Зиялылар қатарында Ғұмар Қараш та тәуелсіздік пен еркіндікті аңсады. Ол тәуелсіздік пен еркіндікке жеткенде ғана ел рухани азат болар еді дейді. Өзінің «Алаш азаматтарына» деген өлеңін арнайды:

Ақ жүрек азаматтар, асқар күнін
Дұшпанды алдан байқап жасқар күнін
Дұрыстық ел қамында еткен істі,
Қол соғым қошеметтеп қостар күнін,
...Аңқылдақ алаш ұлы сеніп отыр
Орнынан шығып, соны растар күнің [7, 101 б.].

Ғұмар Қарашты толғандырған мәселе бабаларымыздың аман алып қалған жерінен айрылып қалмау. Халықтың еңсесін көтертпей тұрған ғылым, білімнің жоқтығы дейді. Ұлттың жойылып кетпеуін ескерте отырып, ғылым, білімді игеруге, оны қоғамның пайдасына жаратуға жол сілтейді

Алашорда көтерген идеяның жоқтаушысы бола білген Сұлтанмахмұт Торайғыров еді. Ұлы көсемдерінің соңынан еріп, қазақ халқының атар таң, келер жарық, сәуле, нұрды солардың есімімен байланыстырды. «Таныстыру» поэмасында «Дулатов, Байтұрсынов, Бөкейханов... бірі – Күн, бірі – Шолпан, бірі Айым» деп жырласа, «Әлиханның Семейге келуі» деген мақаласында Әлихан Бөкейханов бастаған іске тілектестігін танытады. Ол Алашорда құрылған күндері «Алаш ұранын» жазып, патшаның құлауына, елдің автономия алуына қуана үн қосты. «Алаш ұраны» өлеңінде Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, елді бірлікке, тәуелсіздік үшін күреске үндейді.

XX ғасыр басындағы зиялылар – қазақ халқының рухани ояна бастаған тұсында қоғамдық аренаға шығып, оның ұлт-азаттық жолындағы күресінің алғашқы дем берушілері болған, сол халықтық қозғалыстың көсемдері бола білген адамдар. Оларды XX ғасырдың басындағы Ресейдегі революциялық күрес идеялары, 1905 жылғы орыс революциясының алғашқы дүмпуі мен қазақ қоғамының сол кездегі тарихи жағдайлары туғызды. Олар алғашқы орыс революциясы берген әлеуметтік және саяси жеңілдіктерді пайдаланып, қазақ халқын феодалдық-патриархалдық шенеуліктен алып шығуға, патшаның отаршылдық құлдығынан құтқаруға, оларға өнер-білім, ғылым жолын, өз алдына дербес ел болу жолын көрсетуге ұмтылды. Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда, олар «жетім қалған халқының, жесір болған жерінің» жоғын жоқтаушы болуға тиісті еді. Ахмет, Міржақып, Әлихан, Мұстафа, Жүсіпбек, Мағжан – қазақ халқы алдындағы осы бір

тарихи міндеттерді абыроймен атқарды. Азаттық пен күрес жолында олар нағыз үлкен әріппен жазылатын Азаматтықтың туын биік ұстады.

Жиырманшы ғасыр басындағы шоқжұлдыздарымыз өз заманынан озық туған тұлғалар еді. Олар елді, бүкіл халықты, кейінгі жастарды оятты. Өздері заманның алға тосқан тосқауылдарына қарамастан халқына адал қызмет етті, өз халқының ұлттық сипат, ерекшеліктерін, адамзат қоғамы ауқымында алатын орнын, өзгеге ұқсай бермес асылдарын, жалпы адамзаттық құндылықтар қатарынан табылар өзіндік үлесін Уақыт және Кеңістік сияқты философиялық ұғымдар аясында зердеден өткізді. Қазақтың басын қосып, жеке ұлттық мемлекет жасаймыз деп бел байлағанда, ұлт бойындағы қайталана бермейтін болмыс, асқақ рух, бай тарих алашорда қайраткерлерінің қиялына қанат бітіріп, жігерлендіре түсті. Бүгінгі республиканың дербестік, егемендік алу идеялары, ұлттық тіл мен әдебиеті, дәстүрлерімізді дамыту жөніндегі ойларды сол кездегі ұлт зиялылары айтып кеткен. Олардың мұрасының ескірмей, күн сайын жаңарып отыруы да осында жатыр.

Әдебиеттер

1 *Нысанбаев Ә.Н.* Жаһандану және Қазақстанның орнықты дамуы. – Алматы, 2002. – 264 бет.

2 *Қирабаев С.* Қазақтың тұңғыш революцияшыл-демократтары // Мұрагер әлманахы. – Алматы, 1992. – 14 б.

3 *Дулатұлы М.* «Оян, қазақ!». – Алматы: Алтын орда, 1991. – 80 б.

4 *Дулатов М.* Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.

5 *Жұмабаев Мағжан.* Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, кара сөздер. Құрастырғандар: Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.

6 *Шоқай М.* Таңдамалы. – Алматы: Қайнар, 1998. 1-том. – 512 б.

7 *Қараш Ғұмар.* Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.

Резюме

Ошакбаева Ж.Б. Философский смысл концепции казахской интеллигенции о формировании независимого государства

В статье рассматривается идея казахской интеллигенции о формировании независимого государства, а также идея единения народа, глубоко актуальная и по сей день. Главной целью казахской интеллигенции, проявившей большую гибкость в решении многих политических вопросов, было создание системы государственно-го самоуправления, отстаивание права народа на национальное самоопределение, а также модернизацию казахского общества с использованием передового мирового опыта.

Summary

Oshakbayeva Zh.B. Filosofsky Sense of Idea of the Kazakh Intellectuals about Formation of the Independent State

In article the idea of the Kazakh intellectuals about formation of the independent state, idea of unity of the people which is actual to this day is considered. The Kazakh intellectuals showed exclusive flexibility, at the same time they were basic politicians. Their main objectives were creation of system of the state self-government, upholding of the right of the people for national self-determination, modernization of the Kazakh society using the best world practices.





УДК 316. 462

Аманжол Мейірманов

ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАНЫМ МЕН РӘМІЗДІК ТАҒЫЛЫМ САБАҚТАСТЫҒЫ

Аннотация: Мақалада эстетикалық танымның рухани тәжірибемен ұштас тылсым сырлы, терең мазмұнды, ақиқат құбылыстың астарлы мазмұнына меңзейтін көркемдік құралдар арқылы жүзеге асатыны сөз болады. Рәміздер адамзаттың рухани жасампаздығы мен шығармашылығының барлық сатысына тән ақпараттық алмасу жүзеге асатын қарым-қатынас құралы болғандықтан – ол адамзаттың сан ғасырлық мәдени-тарихи және рухани мұраларын, құндылықтарын бейнелеп, өз бойына мәдени-эстетикалық дәстүрін сақтайды. Мәдениеттің даму үрдісінде рәміздер өнер шығармашылығының негізгі көркемдік-эстетикалық өзегін құрап, таңбалық-рәміздік жүйе болып қалыптасады, тағылымдық мәнді иеленеді. Автор эстетикалық таным мен рәміздік тағылымның өзара сабақтастығы осында деп біледі.

Түйін сөздер: рәміздер, эстетика, рухани мұра, эстетикалық таным, рухани тәжірибе.

Эстетика – адамның дүниеге түйсіктік немесе шығармашылық қатынасын зерттейтін ғылым десек, осы танымдық үдерісте адам сезінеді, түйсінеді, рухани-сезімдік толқынысты күйге енеді, рухани шаттыққа, катарсистік халге бөленеді, өзінің ғаламмен тұтастығын пайымдайды, көп жағыдайда сенім иесі болған адам өзінің түпкі бастаумен – жаратушымен бірлігін түйсінеді. Эстетика (грек. *aisthetikos* – сезіну, сезімдік) – адамның көркем-бейнелі таным-түйсігіне негізделген, ақиқаттың сұлулығын, пәктігін, ұлықтығын жаратылыс дүниесінің көркемдік сипаттарын айқындау түсу арқылы, өнер туындыларына тылсымдық, ақиқи мән-мазмұн сиғызу арқылы, тұрмыстық, ғұрыптық, т. б. заттарға рәміздік мән-мағына дарыту арқылы танытатын, әсемдік заңдарын арқау еткен шығармашылықтың мәнісі мен формалары туралы ғылым.

Қазақ діни-мәдени мұрасын көркемдік-эстетикалық және семиотикалық тұрғыдан пайымдау тұрғысында ең алдымен діни-мәдени мұралардың рәміздік мазмұнына назар аударған абзал. Рәміздер әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде адамзат тарихында маңызды орын алып, оның рухани мәдениетінде терең таңбаланған. Оның көркемдік-эстетикалық қырларын бағамдау арқылы мәдениеттің, рухани мұрамыздың мән-мазмұнын тануға мүмкіндік туады.

Рәмізге сиғызылған рәміздік мән бұл рухани тәжірибеге сүйенетін метафизикалық шындық, оны көркем-эстетикалық кеңістікте вербалдық сипаттауға келмейтін көркем рәміздеу арқылы ғана тануға болады. Оның тылсым сырын сезіну шебердің шығармашылығы барысында және реципиенттің шығарманы эстетикалық қабылдау актысында көрініс беріп, осы тәжірибемен таныс адамға нәсіп болады. Эстетикалық қабылдау бұл жерде рәміздің тұлғалық өзектендірілуі ретінде көрініс беріп, шығармашылық сипатты иеленеді. Жалпы алғанда рәміздеу мен оның мәніне жету «шығармашылық – түйсіну – ілеспелі шығармашылық» түріндегі диалектико-сұхбаттық үдеріс деп түсініледі. Оның орталығында көркем рәміз (символ) орналасып, өзегінде көркем рәмізде ғана көкейкестілікке ие болатын рәмізделуші терең мән-мазмұн сыйғызылған. Рәміздеуді тарихи типтеген жағыдайда көркем рәміздің діни-мифологиялық рәмізден айырмашылығы көрінеді.

У. Шпенглер «Еуропаның құлдырауы» шығармасында мәдениеттің және оның кезеңдерінің басты мәнді сипаттарының бірі ретінде стильге баса назар аударды. Ол үшін стиль – сол дәуірдің рухани ахуалымен анықталатын «форманы метафизикалық сезіну». Ол жеке тұлғаға өнер түрлеріне тәуелді емес метафизикалық құбылыс ретінде сол дәуірдің шеберін де өнер туындыларын да бағыттарын да дүниеге әкеледі. Ол үшін стиль әр дәуірге тән руханилықпен анықталатын форманың метафизикалық түйсінілуі. Мәдениеттің сол кезеңінің метафизикалық стихиясы ретінде «ұлы стиль» өзі өнердегі тұлғаны, бағытты, кезеңді өзі қалыптастырады. Ол тұлғаға, өнердің материялы мен түріне, тіптен өнердің бағытына да тәуелді емес. Шпенглер стильді көркем-эстетикалық мағынасынан да кеңірек түсінеді [1, 289 б.].

Мәселен, Қожа Ахмет Ясауидің сопылық мектебі жалпы мұсылмандық шығыстағы сопылық идеясын терең игере тұра, исламды жергілікті рухани мәдени жағыдайға сай насихатады. Ғұламаның түрік қиялына қанат бітірер, жүрегіне жол табар өз тілінде сөйлеуімен қатар, сопылық таным ұстанымдарын олардың образдар әлеміне, солардың бейнелі ой ерекшеліктеріне сай енгізгенін, эстетикалық талғам мен танымды басты орынға қойғанын аңғарамыз.

Барлық Шығыс сопылығындағыдай ғұлама үшін Ақиқатқа бойлаудың және оны жеткізудің жалғыз әдісі бұл – рәміздер (символдар) мен белгілер тілі еді. Осы нышандар тілінің бір символы бұл – Арыстанбаб берген құрма. Құрманың сыртқы қабығы, дәмді жемісін иелену – адамның дін иманды табу арқылы бұл дүниелік бақытқа, сый-құрмет, бақ-дәулетке жетуін ишаралады. Ал, ішкі дәнін иелену – иманның негізгі мәні – ақиқатқа жету, құпия сырлы ғылымын игеру. Сопылар дене сезім мүшелерін шектеп, ой-санасын ақиқатқа бағыттау арқылы, әуестіктен тиылады, ішкі рухани мәнін іздейді. Сондықтан да сопылар әдебиетінде меңзеу, бернелеу, бейнелеу, ұлғайту т. б. көркем-эстетикалық әдістер кең қолданылады. Яғни, сопы

үлкен өнер – сөз өнерін меңгереді. Бұл құрманың сыртқы сыры ғана. Бұл Арыстанбабтың, сондай-ақ, пірдің – Қызыр пайғамбардың оның әр сырын бүркеп жапқандығы тылсым сырлы пердесі ғана. Осы сыртқы қабығынан өте алған адам ғана Ақиқаттың ішкі мәніне жете алады (құрманың дәніне ие болады). Сопылық мектептің шәкірттері үшін олардың өздеріне тән араб тілінде атау терминдері өзіндік мән-маңызымен, иерархиясымен (мысалы, Шариғат – Тариқат – Мағрифат – Ақиқат) белгілі болды. Бұл негізінен сол ортаның, Ұйымның мүшелеріне түсінікті сөз болды. Күнделікті өмірде жиі қолданылмады.

Бірақ сопылар халық діліне мейлінше жақын күнделікті қолданыстағы ауызекі сөйлеу тілінің сөздерінің өзін тылсым сыр бере қолданып, символдық дәрежеге көтеріп, ерекше мән береді. Мысалы: «Сөзің – шырақ, халың – пілте, майы – жасың» [2, 69 б]. Бұл жолдар шығармашылықпен айналысқан адамның күйінен хабар бергендей. Айтқан сөзі шамшырақ болып, оқушы жүрегіне жағылу үшін әрбір жазушы жан шабақтар қиналысты басынан өткізері хақ. Бұл – шығармашылыққа май болар жан қиналысын, ықыласты ғибадатты көз жасымен бейнелесе. Халық тілінде халық ділінен шыққан сөз деп айтудың қиындығын сезіне отырып дәнекер қызметін атқаратын – жауапкершілікті түйсіну хәлін пілтеге балайды. Яғни, оқырман көңіліне шырақ болып жағылу үшін, көз жасыңды – ықыласты ғибадатыңды – жауапкершілігіңді ұмытпай халық тілінде халық ділінен шыққан сөз деп айта алсаң, сенің халың – пілте, яғни шәкірт пен халық рухын және ғалам рухын жалғастырушы ғана қызмет атақарасың. Ал айтылған сөз оқырман жүрегінде шамшырақ болып жағылып, эстетикалық ләззәт сыйлауы, ақиқат, ізгілік жолына бастауы басты мақсат.

Рәміз белгілі бір заттың сыртқы сипаты мен көзге көрінетін қасиеттеріне нұсқай отыра, басқа тылсым, терең мазмұнды, ақиқат құбылыстың астарлы мазмұнына меңзейді. Мұндай контексте ол сакральдылық мәнге ие. Рәміздердің тылсымдық түпнегізінде діни танымның ақиқатты тікелей бас көзімен көрмей, көкейкөзбен ғана бағамдауға болатындығы жайлы түсінік орын алған. Қоршаған орта, жаратылыс дүниесі хақты тануға арналған кітап деген қағида исламдық негізгі танымдық ұстаным. Рене Генонның «шындықтың деңгейлері сан алуан түрлі, олар кез келген табиғи құбылыстардан бастап, бірін-бірі жалғастыра абсолютке дейін жетеді. Рәміздің шынайы болмысы да осы түрлі деңгейлерді біріктіретін сәйкестік болып саналады. Содан барып барлық табиғаттың өзі қарапайым рәміз болып шығады. Табиғаттың ақиқат мәнін сол табиғатқа өзімізді метафизикалық ақиқатты түйсінуге итермелейтін көрсеткіш деп қарағанда ғана оның сырына қанық бола аламыз» [3, 8 б.] – деген тұжырымдамасы осы қағидамен үндесіп жатыр.

Орта ғасыр космологиясында неоплатонистік және креоционистік көзқарастар бірге қатар өмір сүреді. Екеуінде де жаратылыс жаратушының

еркімен жүзеге асады. Біріншісінде Алла әлемді сәулесін түсіру, айнадан өз сұлулығын көру үшін жаратады. Бұл тұрғыдан әлем оның ғажаптығын аңдататын құрал. Ал екіншісінде Құдай – суретші, мінсіз мүсін жасаушы. Көзге көрінетін әлем – эстетикалық сүйсіну объектісі, Құдай ғажайыбының сипаты. Дүние абсолюттік әдеміліктің сәулеленген шұғыласы. Қайда қарасаң да Құдай дидары нұрланып тұр. Адам сұлулықты көре біліп, тамсанып ғажаптануы, эстетикалық ләззәттана білуі керек.

Орта ғасыр дүниетанымында бұл өмірдің сұлулығы о дүние ғажайыбының бейнесі мен көлеңкесі деген қағида басым болды. Идея мәңгі, ол өзендегі суға түскен жұлдыз сәулесі сипаттас тұрақты, ал су үнемі ағып, қозғалыс үстінде ауысып отырады. Өзендегі жұлдыздың өзгермейтін себебі, олардың негізі суда емес көкте. «Әлем – Құдай дидары, көзге көрінетін Құдай сипаты – логос» ретінде адам танымының объектісі болуға тиісті деп білді.

Әлемді танудың да өзіндік әдісі бар. Жалған дүниедегі заттар құбылыстарды бейнелі тілмен образдармен сипаттасақ, адам назарына оның бұ дүниелік көзге көрінетін сипаты емес, рухани мәні, ақиқат сыры, астарлы мазмұны сәулеленеді. Сондықтан да, сопылық танымында болсын, тіптен жалпы шығармашылықта Ақиқат жайлы айтылар ойын бернелі оймен перделеп, символдар тілімен жеткізу тән болды. Мысалы «Кодекс ку-маникуста» былай жұмбақ жасырады:

«Там-там тамызық,

Таматұғын тамызық,

Көлендеп жүріп,

Күйетұғын тамызық». Жұмбақ шешімі – «көбелек» – сопылық танымдағы кең тараған образдық бейне. Көбелектің іс-қимыл әрекетін сипаттау арқылы жұмбақ жасырудың өзі, оның сопылар танымындағы ғашықтық отына шарпылған ақиқат іздеушінің күйімен тікелей ұқсастығын көрсетеді. Ақиқатты отпен бернелеп, ғашық сопының күйін көбелекпен бернелеген сопылық баяндаудың қимыл-әрекет сипатын осы жұмбақтан айқын көреміз. От айналып көлбеңдеген көбелектің от жалынына шарпылып лап етіп, тамып түсуінің өзі шындық, айнымас сурет болумен үлкен символдық жүк артуға мүмкіндік берген. Бұл сурет сопының Ақиқатқа деген махаббат отына шарпылуымен қатар, тамызықша лап еткен өзіндік мәнімен Оған ұласуына меңзейді. Махаббат мұхитына тамшы болып қосылып, жоғалады, мүлдем жоғалмайды сол мәнге айналады. Абсолют мәңгілікке өзін жоғалтып, сөйте тұра лап еткен жалынымен, Хақтыққа, өз жарық қызуымен, өз мәнділігін паш етіп барып қосылады. Алайда, жарқ етіп барып өзін жоғалтуы өзінің сол Ақиқатқа сәйкес екендігінің Ақиқаттан шығып, қайта соған оралатынының айғағы. «Өмір жолы тар соқпақ бір иген жақ, Иілтіп екі басын ұстаған Хақ» деген Абай Құнанбаевтың шумақ жырында да адамның Хақтан шығып, Оған қайта оралатынына нұсқайды. Сопылық

символдар әлемінде оттың үлкен символдық мәні бар екенін білеміз. Сондықтан да көбелекті тамызық деп атаудың өзі оның қимыл-әрекетінің мән-маңызын аша түседі. Тамызық сөзінің бүгінгі мәні, өзінен үлкен, отқа қозғау салу, тұтату мағынасына ие. Көбелектің «отқа күйер жынды көбелек» мағынасында жұмбақталмай, өзі күйсе де мәңгі жоғалмайтын мәнге балап, «тамызық» деп аталуы көбелек символының ең терең мәні – Хаққа деген махаббатты өзінің жоғалуымен, яғни мәңгілікке ұласуымен дәлелдей отырып, шәкірт жүрегінде махаббат отын тұтандыруды көздеушінің асыл мұраты. Бұл жұмбақта сопылықта үлкен символдық мәні бар «көбелек», «от», «тамшы» сөздері өз символдық жүгін көтеріп тұр. Сонымен қатар, олардың өзара бір-біріне сәулесін шашып, әрекеттесуі жаңа образдың бейнелер туғызған. Қазақ даласында мұсылман дінінің Ақиқат жайлы ілімін жайған Әзірет Сұлтан мәшайық Қожа Ахмет Ясауидің хикметінде «Көбелек болып отқа түстім, шоқ боп ұштым мінеки» деген сөздер бар. «Көбелек те отты алам деп, шоққа түсті боп құмар» деп Шәкәрім Құдайбердіұлы жырлайды. Жұмбақ халықтың ұжымдық ой санасына мейлінше жақын, бұқара көпшілікке түсінікті ұғымдарды қамтитынын ескерсек, жұмбақтардың сопылық танымдағы бейнелі образдарды мол қамтығанына қарап, рухани аталарымыздың имандылық ғибраты халық арасында кеңінен тарағанына, адамдардың рухына азық болғанына көз жеткіземіз.

Рәмізге адамзаттың көпғасырлық тәжірибесі шоғырланғандықтан көбінесе діни салт-жораларда, әдет-ғұрыптарда орын алып, санада жаңғырып отыратын архетиптік формалар бүгінгі таңға дейін өз маңыздылығын жойған жоқ. Архаикалық қоғамда ұжымдық тәжірибенің мәліметін сақтап қалуда қатынастың жалғыз тәсілі салт-жоралар мен сөз, миф болды. Мифті рәміз ретінде қарастырған отандық зерттеуші-ғалым С.Қондыбайдың пікірінше «біз мынау жалған дүниені тек рәміздер арқылы ғана кескіндей аламыз, өйткені шексіз ғаламның кескінін де, мөлшерін де, оның қандай материалдан және қандай жолмен пайда болғанын да, Жаратушы иенің оны қалай жасағанын да шын мәнінде көре, біле, тани алмаймыз. Сондықтан осылардың барлығын да пенделерге түсіндірудің ең қарапайым да универсал жолы рәміз арқылы кескіндеу болмақ. Мифология дегеніміз де – рәміздер» [4, 34 б.] – деп түйіндейді.

«Миф есте жоқ ерте замандағы болған қасиетті тарихты баяндайды, қазіргі адам өзін тарихтың, тарихи оқиғалардың жемісі деп білсе, архаикалық қоғам өзін бірқатар мифтік қалыптан тыс оқиғалардың туындысы деп біледі» [5, 25 б.] деп түсіндірген Элиаде М. мифтің ертедегі адам жадындағы, тарихи санадағы маңыздылығына назар аударады.

Қазақ дүниетанымының сопылық іліммен ұштас негізгі ұстанымы бойынша Құдай – Халық деген сипатына сай мәңгі жаратушы. Оның ұлықтығы мен қалауынан (ирадасынан) көзге көрінер дүние сан алуан көптігімен, құлпырған бояуымен, түрленген көркемдігімен жаралып, жа-

санып, жаңғырып жатыр. Жаратушылық актісі өзінің мақсатты себебіне ие. Жаратылыстың мақсатты телеологиялық себебі болғандықтан адам осы жаратылыс дүниесінің сырларына бойлау арқылы Хақты – Құдайды танып және сүйе алады. Өзінің онтологиялық барлығы тұрғысына «жалған дүние» ретінде шәк-күмәнға мүмкіндік беретіндігімен қатар, бұл дүниенің эмприкалық ой мен қабылдау үшін барлығы шүбәсіз шындық.

Ғалам мен дүниеге байланысты адамның абсолютті хақиқатты тануына бөгет болуы немесе жәрдем беруі жайлы қарама-қайшы екі түрлі ұғым белгілі. Біріншіден, бас көзімен көретін бұл дүние көптіктің негізі ретінде жалғандығымен белгілі. Бұл дүние – таухид талаптан адасуға себеп болып, өзінің қызыл-жасыл бояуымен, баянсыздығымен адам көңілінде көптеген мақсат тілек тудырушы. Хақ дидарын қалаған талаптанушы мен екі ортадағы перде.

Ал, екінші жағынан, дүние-ғалам Құдайдың ғажап кемел сұлулығы сәулеленетін айна, құдайлық ақиқат әлемдегі идеялардың жүзеге асқан формасы. Бұл дүниедегі заттар мен құбылыстарды тану, сұлулығына ғажаптанып эстетикалық ләззәт алу арқылы адам олардың астарынан ақиқатты бағамдайды. Бұл дүниелік заттар талапкерге ақиқат әлемдегі идеялардың формалары ретінде адамның түпкі отанын еске салады. Сондықтан, қазақ дүниетанымында бұл дүниелік заттар адамды ақыреттен бөтен қылатын бөгет ретінде де, оған жақындататын саты ретінде де пайымдалады.

Мәдени-әлеуметтік рәміздер жалпы семиотикалық тұрғыда адам мен әлем арасындағы қарым-қатынас жүйесі ретінде түсіндіріледі. Архетиптік сипаттағы мәдени рәміздер өз бойларына қашанда құпиялықты жасырған. Оның астарында кодтық-мағыналық негізге сүйенген мәдени-этикалық дәстүр сақталған. Рәміздер адамзаттың рухани жасампаздығы мен шығармашылығының барлық сатысына тән ақпараттық алмасу жүзеге асатын қарым-қатынас құралы. Ол адамзаттың сан ғасырлық мәдени-тарихи және рухани мұраларын, құндылықтарын бейнелеп, өз бойына мәдени-эстетикалық дәстүрін сақтайды. Мәдениеттің даму үрдісінде рәміздер өнер шығармашылығының негізгі өзегін құрап, таңбалық-рәміздік жүйе болып қалыптасады. Сонымен рәміздер әрбір мәдени-эстетикалық дәстүрімен тығыз байланысты, өйткені әрбір өркениет өзінің рәміздер жүйесінен тұрады.

Рәміз – онтологиялық статусқа ие болған мәдениет іргетасы. Сондықтан мәдениет философиясының міндеті – мәдени-философиялық ой рефлексиясы ретінде өзінің рәміздік болмысын ұғыну. Мәдени-философиялық рефлексия болмысының мұндай түсінігі рәмізге болмыстық және танымдық мән-мағына, семантика береді. Рәміз – тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін беретін, терең мазмұн мен мағынаға толы категория. Қорыта келе, рәміз тек танымдық қызметте ғана емес, сонымен бірге адамның әлеуметтік-мәдени қызметінде де маңызды мәнге ие болады деп тұжырымдаймыз.

О баста эстетикалық таным мен талғамнан бастау алатын рәміз дүниетанымдық сипаты бар, ықшам, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін беретін, мағыналық әлеуеті өте күшті, рухани және материалдық қасиетті бойына сақтаған, болмыс және сана арасында ауқымды мазмұнға ие болатын ұғым.

Рәміз адам санасының даму тарихына сәйкес қалыптасқан көне, ежелгі категориялардың бірі. Алғашқы қиялдау, болжау, ертедегі әпсаналық-мифтік түсініктер, наным-сенімдер рәміздің пайда болуына ықпал еткен құбылыстар. Ол өз тамырын жазу-сызу қалыптаспаған ықылым заманнан алады. Рәміз – мәдениет жадысының тұтас механизмі, адамзаттың жаңа тарихи тәжірибесін өз бойына шоғырландыратын әлеуметтік мұраның сақтаушысы. Э. Кассирер концепциясында мәдениет бәрінен жоғары тұрған өзекті ұғым. «Мәдениет өзінің үздіксіз дамуында үнемі діни, тілдік, көркем рәміздерді туындатып отырады. Дегенмен ғылым мен философия бұл рәміздік тілдер мен олардың элементтерін ұғынықты қылып жеткізуі қажет. Олар синтетикалық тұрғыда құрылған жүйені аналитикалық тұрғыда өңдеуі тиіс... Мәдениет туралы ғылым бізге рәміздерді айшықтауға, олардың астарында жасырынып жатқан мағынаны табуға үйретеді» [6, 94 б.].

Мәдениеттің таңбалық көрінісінің қатарында анықтауыш сипаттағы басты орынға ие болып, рәміз өзінің мәнінде барлық мәдени феномендер мен элементтерді, сонымен қатар жекелік пен жалпылық, шектілік пен шексіздік, нақтылық пен абстрактілік, сезімдік пен парасаттылық, материалдық пен идеалдық болып, дамудың категорияларын қамти отырып, барынша кемеліне жеткен адам болмысының әмбебаптық формасын бейнелейді.

Рәміздің ерекшелігі көркем эстетикалық сипатқа ие туындының бастапқы мәдени коннотациясын сақтай отырып, өз аясында мәдениет құндылықтардың сабақтастығы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

- 1 Шпенглер О. Закат Европы: Очерки морфологии мировой истории. Образ и действительность. В 2-х т. – Минск: Поппури, 1998. – Т.1. – 688 с.
- 2 Ыасауи Қ. А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. – Алматы: «Жалын», 1998. – 656 б.
- 3 Генон Р. Символы священной науки. – М.: Беловодье. – 2002.
- 4 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 512 б.
- 5 Элиаде М. Аспекты мифа/ Пер. с фр. В.П. Большакова. – 4-е изд. – М.: Академический Проект, 2010. – 251 с.
- 6 Кассирер Э. Избранное. Опыт о человеке. – М.: Гардарика, 1998. – 784 с.

Резюме

Меирманов А.Д. Эстетическое и символическое познание

Автор статьи затрагивая особенность эстетического восприятие и его причастность к духовной практике, раскрывает познавательный смысл символов. Обращая внимание на эстетические особенности религиозно-культурного наследия казахов, автор раскрывает символический и этический смысл.

Summary

Meirmanov A.D. Estetical and Symbolical Cognition

The author is studying the feature of aesthetic perception and his involvement in spiritual practice, reveals the cognitive meaning of the symbols. Drawing attention to the aesthetic features of the religious and cultural heritage of the Kazakhs, revealing the symbolic and ethical meanings.





УДК 233.5

Алау Әділбаев, Нурлан Анарбаев

**ӘБУ-Л ҚАСЫМ АЛ-ФАРАБИДЫҢ
(ФАРИАБИ) «ХАЛИСАТУ
АЛ-ХАҚАЙҚ» ТРАКТАТЫНДАҒЫ
АҚЫЛ ТҮСІНІГІ**



Аннотация. Бұл мақала философтар мен орта ғасырлық дін ғалымдарының ақыл жайлы түсініктерін бір арнаға салып, жан-жақты түсіндіре білген Әбу-л Қасым Махмұд ибн Ахмед Имад ад-дин әл-Фарабидың (әл-Фариаби) «халисату ал-хақайқ» (*таза шындық*) трактаты төңірегінде болмақ.

Бүгінгі жаһандану үрдісінде актуалды болып есептелетін метафизикалық мәселелерді соның ішінде ақылдың жаратылысы, болмысы және ақылды қолдану тәсілі кеңінен қамтылған. Осылайша мақала авторы ақыл болмысын жан-жақты талдап, ақылды бұрыс жолда қолданудың зияны мен дұрыс жолда қолданудың пайдасын түсіндіруге тырысқан.

Түйін сөздер: «Халисату ал-хақайқ», Әбу-л Қасым, рух, ақыл, жүрек.

Адам баласын өзге жаратылыстардан даралаған қасиет, ақыл иесі болуында. Осы қасиеті арқылы Жаратқан ие адамды ардақтап, жер бетінде басшы етті. Тұрмыстық және жахандық деңгейдегі мәселелерді ақылдың көмегімен шешуге тырысқан адам баласы, өз табиғатындағы «ақылдың болмысы» жайлы да ықылым заманнан бері ойланып-толғана бастаған. Философ ғалым Аристотель ақылды физикалық тұрғыда түсіндірсе, Александр Афродисиас (198–209 ж.) метафизикалық тұрғыда баяндау арқылы, Фараби, ибн Сина, Кинди секілді мұсылман ойшылдарының талқыға салуларына түрткі болды. Сол секілді: ибн Туфайл, ибн Бажа, ибн Рушд, ибн Маймун секілді мұсылман ойшылдары ақылдың болмысына қатысты өз тұжырымдарын ұсынды. Өз кезегінде бұл тақырып еуропалық христиандарды да қызықтыра бастады [1]. Бертін келе Париж, Оксфордтың философтары мен дін адамдары осы мәселеге үн қатысып, өз пікірін білдірді. Ал, біз нысанаға алып отырған негізгі тақырып орта ғасырлық ислам ойшылы Әбу-л Қасым Махмұд ибн Ахмад әл-Фарабидың (әл-Фариаби) (1130–1210 ж.) «Таза шындық» трактатындағы ақыл туралы болмақ.

Әбу-л Қасым (1130–1210 ж.) «таза шындық» атты [2] трактатын 70-тен астам орта ғасырлық білікті ғалымдардың еңбектерін пайдаланғанын байқаймыз. Еңбек: ақыл, имандылық, шарифат, сопылық жайлы 50-шақты тақырыптарды қамтиды. Ақылсыз дін де, шарифат та, сопылық та болмайтындығын меңзеген Әбу-л Қасым өз еңбегінің алғашқы тақырыбын

«ақыл мен ақылдылар» мәселесіне арнаған. Лұқман Хакімнің: «Алланың құзырында пенденің деңгейі ақылымен өлшенеді» деген сөзін және «ақылы жоқтың діні жоқ» деген хадисті мысал ете отырып, аталмыш трактатта ақыл танымына кеңінен тоқталады [2, 3].

Тілімізге арабшадан енген «ақыл» сөзі кез-келген халықта түрлі формада кездеседі. Мәселен, грек тілінде ақылға қатысты: білім, түсінік, мағына, ой дегенді білдіретін «οἰ» «науc», ал латын тілінде «түсінік», «ой» дегенді білдіретін «intellectus» және «есеп», «жүйе», «ой» деген мағынадағы «Ratio» сөздері бар. Ал жаңа латын тілінде ақылға «Logos» [3, 553] (яғни, ой, сана) сөзі қолданылады. Жоғарыда келтірілген грек тіліндегі «науc» сөзі осы «Logos» сөзімен мәндес болып келеді. Ал, араб тіліндегі ақыл «لقلع» сөзі «а-қа-ла» етістігінен өрбіген: байлау, бөгет болу, сана, ой секілді, түрлі мағынаны білдіреді [5, 577].

Орта Азиялық: әзірбайжан, түрік, башқұрт, тәжік, татар, өзбек, қазақ, қырғыз секілді түркі елдерінің барлығы «ақыл» сөзін өз тілдерінде өзгеріссіз қолдануда. Қазақ тілінде «ақыл» сөзінің мағынасы – «адамның ойлау қабілеті, сана-сезім» [5] дегенді білдіреді. Сондықтан бұл сөздер негізінен түбі бір ақылдың түрліше қасиетінен хабар береді.

Ақыл сөзінің тілдік мағынасын кеңінен аша білген Әбу-л Қасым «Таза шындық» трактатында Сухраурдидің: «Надандық ол – қараңғылық. Ақылды нұр жаулағанда, надандықтың қараңғылығын жоқ етіп, ақиқатты көре бастайды. Ақыл надандыққа бөгет болғаны үшін «бөгет болу» мағынасында қолданылған [6, 457]» – деп, ақылдың «бөгет болу» мағынасын түсіндіреді. Сондай-ақ, ақыл сөзінің «байлау» мағынасын Лұқман Хакімнің: «Адам баласы ақылсыз, ақыл оған байланған. Егер жіп босатылар болса, адам баласы қайта ақылсыз болады» – деген мысалы арқылы түсіндіреді. Осылайша, ақыл сөзінің: байлау, бөгет болу секілді тілдік мағынасын ғалымдардың сөздерімен аша білген [4, 577]. Алайда Әбу-л Қасым ақылдың тілдік мағынасын түсіндірумен қатар оған бірнеше анықтама берген. Олар: кәлам ғалымдары: «Ақыл нәзік жауһар, заттардың ақиқатын бірден біледі, арадағы дәнекерді қажет етпейді»; тәпсір ғалымдары: «Білім аз болса да ақыл толысады, ал ақыл аз болса білім толыспайды», Лұқман Хакім: «Ақыл әр-нәрсенің нәтижесін көрсетеді»; Әлі сүннет ғалымдары: «Ақыл жарқыраған жауһар, оны Алла тағала адам миына жаратты, оның нұрын жүрекке қойды, жүрек ғайып нәрселерді арадағы дәнекермен, материалдық заттарды көрумен біледі» және т.б. түсіндірмелер келтірген [7, 1/33].

Мағынасы мен мәні мол бұл сөзден түсінетініміз көп. Сондықтан біз бұл мақаламызда Әбу-л Қасымның келтірген мысалдарын саралай отырып, ақылдың мимен, жүрекпен, руһпен байланысын анықтауға, ақылды қолдану шегін түсіндіруге тырысамыз.

Ақылдың мимен байланысы:

Адамның ойлау процесі оның ақылы арқылы жүзеге асатыны белгілі. Бірақ біз ақылмен бірге мидың да ойлануға ықпал болатынын жоққа

Spiritual perfection implies universal virtues of human activity, basing on which a person constructs a positive model of relationship with other people. We know that the person can theoretically create such a model, but he cannot absolutely follow all these virtues. In olden times, one of the most prominent Eastern philosophers Abu-l Walid Muhammad Ibn-Rushd wrote in the era of Arab-Muslim Middle Ages: «It is impossible that an individual was given all these virtues, and if it is possible, then it would be hard to find such a person. Most likely perfection predominantly exists in many individuals, taken together. It is apparently unable to find one of these virtues for an individual without the assistance of the others. For the acquisition of his virtues person needs in other people, and so he is by his nature a civil creature» [6, p.132–133]. In fact, the Arab-Muslim philosopher Ibn-Rushd is right; above all, that people can rely not on all the virtues, moreover, they can cultivate even smaller number of them.

The perfection of the human soul, by Ibn-Rushd, is considered in the context of design ideal State followed by Plato and Aristotle. Such a State requires the presence in social mentality almost all phenomena that create socio-political institutes. However, the problem is that the human society of the ideal State should accept and use in daily life each of the components of social virtue. In this regard, Ibn-Rushd wrote: «For promotion virtues among citizens in the ideal State there exist two methods. The first method is the conviction. This in turn suggests two ways of approaching to people – through rhetorical utterance, when it comes to educating the ‘general public’, and through demonstrative utterance, when it comes to promoting the virtues of ‘the elected’. Dialectical utterance from educational practices is excluded, which means there is no need in theology and theologians. The second method is coercion, which in the ideal State is required mainly to fight with external enemies». [6, p.134].

Via this, Ibn-Rushd justifies at times forced way of development of human society, in which some points require that they submit to the prosperous cohabitation, since virtue still imply a voluntary acceptance by an individual person. However, as public practice shows, people do not always predisposed to his entourage lived in affluent conditions. Moreover, some people, on the contrary, wish that others were not live as they would in the ideal State, and Ibn-Rushd perfectly understands this. That’s why, he in his concept of ideal state does not exclude the point of coercion for the benefit of all people in a concrete society.

However, according to the views of the great Turkish thinker Aby Nasr Al-Farabi, a man striving for the perfection is «the personality, who gives all his energy for the good of society and knows happiness in serving the public interest. Such man harmoniously combines his mind with morality». [7, p.113]. Here, the thinker underlines the universality of human soul, which, although cannot completely reach individual perfection, still aspires to it. This is human nature, which, according to Al-Farabi, is aimed to the ultimate unity with the essence of God.

Along with Abu Nasr Al-Farabi, in the Arab-Muslim East of the Middle Ages the idea of social virtue can be found in the teachings of many thinkers such as Al-Kindi, Ibn Sina, Al-Ghazali, Ibn Khaldun and other outstanding philosophers. Considering human reason and knowledge as a result of active thinking, these oriental thinkers elevated human mind comprehending it as a form of the only veridical difference from any other forms of existence of soul. Both mind and knowledge are the real good for humans, and we can reflect them only in frames of philosophical science. In this respect, Al-Kindi says: «Among all human arts the most sublime and noble is the art of philosophy, which is defined as the knowledge of true nature of things in frames of human ability». [8, p. 711]. According to Ibn Sina, everything, including the human mind, is a blessing that emanates from the absolute substance of the Universe. In relation to the nature of the Universe he wrote: «The principle of the Universe is necessary

veritable essence» [9, p. 732]. In this case, the Arab-Muslim philosophers make the Universe as fundamental space for existence of all kinds of natural and social virtues. The idea virtue in frames of ideal state in their theories is a local representation of fundamental law of predestination.

Thus, reliance on one of the many virtues, that is social one, reflects the essence of human nature. We know, however, that virtues in their nature and degree of influence on the social order are different, and at times are contradictory. For example, ultimatism and ability to compromise are often treated as the opposite virtues, even though both are aimed at the perfection of human spirit. Or the universal manifestation of the goodness of all people can do them harm while doing well, because one person doing good to his close friend can violates another friend, or do him harm. Social virtue forming social relationships is cementing phenomenon, when the social structure has a number of elements, which in their nature are not directly related to this social structure.

References

- 1 *Nazarbayev N.A.* Istoricheskaya pamyat', natsional'noe soglasie I demokraticheskie reform – grazhdanskiy vybor naroda Kazakhstan: Report at the Fourth session of the Assembly of peoples of Kazakhstan. – Almaty: Kazakhstan, 1997.
- 2 *Michael Walzer.* On Toleration. Lectures on ethics, politics and economy. Yale University Press, 1999. 144 pp.
- 3 *Mamedova P.I.* Tolerantnost' – osnovnoy princip mirnogo sosushchestvovaniya // *Evraziya*, 2003, №6. P. 70-75
- 4 From Plato to Derrida / Forest E. Baird, editor. – 6th edition – 1218 pp.
- 5 *Marie A. Eisenstein.* Religion and the Politics of Tolerance: How Christianity Builds Democracy. Baylor University Press. 2008. 190 pp.
- 6 *Sagadeyev A.V.* Ibn-Rushd (Averroes). – M.: Mysl', 1973.
- 7 *Takibayev M.A.* Gumanism Al-Farabi v ego konceptsii spravedlivosti i schast'ya // *Vestnik KazNU*, 2008, №2 (31), P. 112-114.
- 8 *Al-Kindi.* O pervoy filosofii // *Antologiya mirovoy filosofii*. In 4 volumes. V.1. – M.: Mysl', 1969
- 9 *Ibn Sina.* Kniga spaseniya // *Antologiya mirovoy filosofii*. In 4 volumes. V.1. – M.: Mysl', 1969

Түйін

Нұрышева Г.Ж., Досқожанова А.Б. Әбу Насыр Әл-Фарабидің әлеуметтік дискурстағы төзімділік пен игіліктің категориялары

Бұл мақалада әлеуметтік дискурстағы төзімділік пен игіліктің категорияларын тарихи-философиялық талдауы зерттеледі. Мақалада төзімділіктің игілікпен байланысы тарихи мазмұнында қараластырылады. Ерекше көзқарас Әбу Насыр

Әл-Фарабидің әлеуметтік-философиялық доктринасына және араб-мұсылман ойшылы Абул Валид Мухаммад Ибн-Рушд көзқарасына да мән беріледі. Соған орай жоғарыда келтірілген ойшылдарының әлеуметтік игілік категориясының заманауи түсініктемесі берілді. Әлеуметтік болмысындағы игілік ұғымының талдауы философиялық антропологиямен тығыз байланысты.

Мақалада семантикалық бағытындағы әйгілі түркі-тілдес ғалым Әбу Насыр Әл-Фарабидің ілімі тұрғысынан сана категориясына екпін қойылды. Сонымен қатар, адамның әлеуметтік моделіндегі, әлеуметтік іс-әрекетінің нәтижесі арқылы, әрекетті ақыл-парасат әлеуметтік адамның онтологиялық қасиеті ретінде маңызды орын алады. Мақаланың тақырыбы адамгершілік санасын, саналық үйлесімнің ұстанымдарына негізделген азаматтық қоғам және ізгілікті қоғамның этикалық пен адамгершілік негіздемелерін өзіне қосады.

Резюме

Нурышева Г.Ж., Доскожанова А.Б. Категория толерантности и блага в социальном дискурсе Абу Насра Аль-Фараби

Данная статья содержит историко-философский анализ категорий толерантности и блага в социальном дискурсе. В статье излагается история рассмотрения толерантности в свете ее взаимосвязи с идеей блага. Особое внимание уделяется социально-философской доктрине Абу Насра Аль-Фараби, а также такого арабомусульманского мыслителя, как Абул Валид Мухаммад Ибн-Рушд. Наряду с идеями представленных мыслителей также дана современная интерпретация категории социального блага.

Изучение понятия добродетели в социальной реальности тесно связано с философской антропологией, и в статье делается акцент на категорию разума в той семантической линии, в рамках которой изучал идею блага выдающийся турецкий ученый Абу Наср аль-Фараби. Таким образом, деятельный разум, как онтологическое свойство социального человека, занимает важное место в определении того, кем является человек, какую модель он выбирает для конституирования социальной реальности, каковы результаты его общественной деятельности. Таким образом, тема статьи непосредственно включает в себя изучение нравственного сознания, а также изучение феномена гражданского общества, основанного на принципах разумной конструкции, изучение этических и нравственных основ формирования добродетельного общества.





УДК 111-929(574)

Пірімбек Сүлейменов

ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ БОЛМЫС МӘСЕЛЕСІ (ОНТОЛОГИЯСЫ)

Аннотация. Бұл мақалада Әбу Насыр әл-Фараби философиясындағы болмыс ұғымы жаратылыстану, діни және философиялық қырынан біртұтастық принципі негізінде қарастырылады. Жаратушы мен жаратылған, қоғам мен табиғат, адам болмысы, тұтастай алғандағы материалдық пен руханилық арақатынасы мәселесі онтологиялық, гносеологиялық, құндылықтық тұрғысында біртұтастық пен әралуандық арасындағы байланыс ретінде жүйелі талданады. Араб-мұсылман философиясындағы әл-Фараби философиясының маңызды орны, соның ішінде онтологиясының әмебаптық сипатына ерекше назар аударылды.

Түйін сөздер: Жаратушы, болмыс, уақыт, космология.

Болмыс – санаға тәуелсіз өмір сүретін объективті дүниені материяны адамдардың материалдық өмірінің табиғатын белгілеуге арналған философиялық ұғым. Философияның негізгі мәселесі ойлау жүйесінің болмысқа қатынасы туралы мәселе болғандықтан, оның шешімі болмыс ұғымы ретінде алынатын мағынаға байланысты. Материалистік философияда болмыс ұғымы – сезім-түйсікпен қабылданатын материяны, материалдық объектілердің өмір сүруін, олардың пайда болуын және жойылуын білдірді.

Ал идеялистік философияда болмыстың ұғымы – жалаң мәні, ұшы қиырсыз жиынтығы түрінде логикалық категориялармен берілді. Болмыс ұғымы философияның ең ежелгі әрі маңызды категорияларының бірі. Ол жалпылай алғанда «бар болу», «өмір сүру» мәселелерін қамтиды. Болмыстың екі түрлі мағынасы бар. Тар мағынада болмыс адамның санасынан тәуелсіз тысқары өмір сүретін объективті, материалдық дүниені білдіреді. Ал кең мағынада болмыс түсінігі бардың барлығын, материалдық дүниемен қоса рухани дүниені де яғни адамның санасын, ақыл-ойын, жан-сезімін қамтиды. Антикалық дәуірдің ұлы философтарының бірі Платонның ойынша болмыс дегеніміз, мәңгілік өмір сүретін, өзгермейтін сана тектес рухани идеялар дүниесі. Идеялар заттар мен құбылыстардың түп негізі: оларды анықтап өмірге келтіруші. Заттар дүниесі болса, өткінші, пайда болады, тозады, өледі: яғни шынайы болмыс емес, бар болғаны идеялар дүниесінің күңгірт бейнесі ғана. Діни дүниетаным үстемдік еткен

ортағасырлық философияның өзегі Құдай болмысы болып табылады. Құдай мәңгі, уақыттан да кеңістіктен де тысқары тұр. Ол бүкіл әлемді, табиғатты, адамзатты жаратушы. Неміс классикалық философиясының аса ірі өкілі Г. Гегель шынайы болмыс – «абсолютті идея» деп тұжырымдайды. Ол Платон арнасын жалғастыра отырып болмыс мәселесіне объективті идеализм тұрғысынан келгенімен ең бастысы болмыс ұғымына диалектикалық сипат беріп, даму процесін де қарастырды. Л. Фейербах болса шынайы болмыс-табиғат, ал табиғаттың ғажап туындысы әрі жетістігі-адам деп есептейді. Енді болмыстың түрлеріне келейік. Болмыстың негізгі үш түрі бар: 1) Табиғат болмысы немесе заттар (денелер) және процестер болмысы; ол өз кезегінде табиғат заттары мен процестері және адамдар жасаған заттар, болмысына бөлінеді. 2) Адам болмысы: ол заттар дүниесіндегі адам болмысына және адамның өзіндік болмысына жіктеледі. 3) Рухани (идеалды) болмыс. Табиғат адамзат пайда болғанға дейін болған, өмір сүрген. Адам мен оның санасы пайда болғаннан кейін де ол өз болмысынның тәуелсіздігін сақтаған. Адам болмысына келсек, философиялық ілім үшін адам қалай өмір сүреді деген сұрақ төңірегінде ойлану маңызды. Адам ең алдымен, тіршілік иесі, нақты кісі ретінде өмір сүреді. Оның денесі табиғаттың бөлшегі болып табылады. Адам болмысының алғы шарттары оның денесінің табиғат бөлшегі ретінде, организм ретінде өмір сүруі. Алайда, адам болмысының басты ерекшелігі-ақыл ой йесі, санасы бар яғни, тек тәннің ғана емес жанның да, рухани дүниесінің де иесі екендігінде. Енді рухани болмысқа тоқталайық. Руханилық өзінің өмір сүруі мен көрінісінің нақты түрлері жөнінен сан алуан болып келетін сана мен санасыздық процестерін қамтитын көптүрліліктің біртұтастығы. Оның құрамында тіл мен таңбалық жүйелер түрінде іс жүзінде асырылған, материалданған білім кіреді. Сондай-ақ, адамдар арасындағы қатынастардың, ізгіліктердің, шығармашылық пен құқылық өлшемдер мен процестер қатарына жатады [1]. Қазіргі заман сұранысына қарай, ғылым мұрасына жаңаша көзқарас онтология мен таным теориясы, болмыс пен білім, болмыс мәнін ұғынудағы ақыл категориялары, методология негіздері сияқты сан қырлы мәселелерді терең де жан-жақты зерттеуге жетелеп отыр. Ғалымдар арасында келіспеушіліктер туғызып, шешімін таппай келе жатқан осындай мәселелердің бәрі әл-Фарабидің дүниетанымдық бағдарларын анықтауға байланысты пайымдалған.

Атап айтар болсақ, Ибн Насир: «әл-Фараби әлемнің мәңгілігін («халық») мойындамаған, ол жан («нафс») мен тәнді («джинс») бір-біріне қарама-қарсы қойып суреттеп, ұжымдық пен пейіштің барлығын терістейді» [2], – деген пікірді ұстанып, әл-Фарабидің діни бастамаларын есепке алмайды. Әрине, Ибн Насирдің көзқарасына негіз бола алатын ой астарын әл-Фарабидің Аристотель еңбектеріне жазған комментарийлерінде кездестіреміз: «адамға берілетін игіліктердің ішіндегі ең ізгісін адам осы өмірден алады, барлық жақсылықтар, жай тамаша таңғажайыптардан басқа ештеңе емес».

Әл-Фарабидің материалды заттар айырмашылығының маңыздылығын зерделейтін философиялық негіздері кейіннен андалусиялық философиядан да жалғасын тауып, соның ішінде Ибн Рушдтың философиялық дүниетанымына тікелей әсер еткені айдан анық байқалады. Оның «алдымен туылып, содан соң өлетін нәрсе, айырмашылығы бойынша мәңгілік бола алмайды» деген сөздеріосының дәлелі. Дегенмен Наджи Маруф Исқақ бен Абд әл-Әллуджи, Абд әс-Сәлам секілді бірқатар ғалымдар бұл туралы мүлдем басқаша пікірде, олар «әл-Фарабидің әлем мәңгілігіне, жан мәңгілігіне, ақырет азабы мен о дүние ләззатына» толығымен сенгендігін дәлелдейді. Әл-Фарабидің аталмыш көзқарастарын «Бақытқа жеткізу жайында», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» трактаттарынан көре аламыз.

Расында, мәселенің шынтуайтына келер болсақ, Шығыстың белді де, беделді ұстазы әл-Фараби-ол өз заманының перзенті, ол- шынайы мұсылман философы. Ғылымның дінді мойындауы ғылыммен айналысуына еш кедергі жасамаған, осы орайда әл-Фараби дін мен ғылымды, философияны сабақтастыру арқылы дін негіздеріне ғылыми түсінік беруде алға шығып, ортағасырлық философияны бір белеске көтерді [3]. Болмыс тақырыбында негізбен болмысалғашқы барда тең болғанымен және бөлек болса, алғашқы бардың бірлестік болуыныңкерекетіндігі сөз етілген еді.

Мүмкін тақырыбында да алғашқы бардың міндетті болғанынан, яғни барлығының ешбір себебі болмауына тек қана сыртқы бір себеп емес, әрі сыртқы әрі ішкі бір себепке де сүйенбегенінен сөз етілген еді. Егер сүйенетін болса, өзі-өзінің себебі болып бұл қайшылық болатын еді. Осылайша әрі болмыстық әрі метафизикалық жағынан да жалғыздықты қабылдайды.

Алғашқы және міндетті болмыс, мантиқ бойынша бір-бірінен бөлек болмағаны сияқты, жалғыз элементтің бір жерге жиналған бөлімдерінен де ортаға шыққан бір болмыс емес. Әл-Фараби алғашқы бардың негізі жоқ: өзі, себебі, заты және болмысы бар болса, яғни негізінен бар болуы бірдей болса, бірлігінен өзін басқасынан айыратын ерекше болмысындағы барлық негізі сияқты, оның бірлігі мен болмысы тең түсінікте болып табылады [4]. Әл-Фараби міндеті болмыстың барлық жоқтан жалғыз ретінде, ерекшеліктері өзіне артқан, артық болғандықтан түрлі сипаттармен ерекшеленетінін қолдайды және ерекшеліктерді үш бөлімге бөледі: – Не болмағанын білдірген айқындама сипаттары, алғашқысыздық және бірлік сияқты.- Байланыс ерекшеліктері, жарату, жасау сияқты барлық әрекет сипаттары. Әрбір екеуін біріктірген ерекшеліктер, еркіндік және құдірет сияқты, бұлар әрі білім, әрі жаратылыстармен байланысудан ортаға шығады. – Алғашқы бар (Тәңір) болмысының міндетті болуы жағынан да бір. Оның міндеттілігі бір түрдің міндеттілігі емес, себебі түрдің астында мүшелер бар, бірақ оған тең мүше жоқ:- Түрдің астындағылар саналады, ол санаққа кірмейді, бұл үшін ол санақша екіден алдын келетін бір түсінігінде де бір емес, жалпы бұл жердегі

бір, түрдегі бір болып табылады. Әл-Фарабидің ойынша міндетті болмыс білім иесі болып табылады. Ғылымында басқасынан мұқтаж болмағаны сияқты, басқасын біреумен де бір жоғарылық дәрежеге мұқтаж емес. Оның ғылыми жауһарынан басқа бір нәрсе болмағанынан оның білуі, білінуі және білімі жалғыз болмыс және бір зат болуына негізделеді. Алғашқы бар өзімен ақыл яғни, өзі бір уақытта ақыл болып табылады. Өзін біледі және өзін білу жағынан әрі білуші, әрі білінген және бір уақытта білім болып табылады. Бұл жерде субъект өзіне бағытталғаны үшін объектпен бірігеді. Білу, субъекттің сипаты болып, сипат заттың өзі болғандықтан субъект әрекеттеседі және бұл үшін ойланған және ойлау тек және бірдей нәрсе болып табылады. Әл-Фараби міндетті болмысты өзін білуші, оның білімі, білгені және білімділігі бірдей-дейді. Әл-Фараби және де екі нәрсені қозғайды; Міндетті болмыстың өзін барлық болмыстардың бастамасы, қайнағы болғанын да білді. Біраз ойланған адам «ойланатынның табылуынан ойланатын бір заттың керектігін» түсінеді. Әл-Фараби, Аллаға байланысты болған еркіндікті ашықтамауымен бірге еркіндіктің болмыспен байланысына иіледі және бір заттың бар болуы және Алланың еркіндігі бір уақытта, бірі екіншісінен уақыт жағынан кейін емес, арадағы бұрындық тек зат жағынан болып табылады. Бір зат болғаннан кейін Алла оны қалаған және тілеген емес, Алла оны тілеген содан кейін ол болған [5]. Мүмкіндік (Имкан) сөзінің сөздік мағынасы жұмыртқалау, бір нәрсенің тұқымын ортаға қою немесе ортаға қоятын бір күшке ие қылу т. б. мағыналарды білдіреді. Әл-Фараби мүмкіндікті болмыстарды бөле отырып ашықтайды, бірақ ол бұл істі жасағанда болмыстардың негіздерін көз алдына ұстайды. Болмыстарды ол екіге бөледі. Біріншісі қандайда бір заттың негізін зерттегенінде барлығын керектірмесе, бұл мүмкін болмыс. Екіншісі, өзі (заты) ақылға келгенде болмысының міндетті (уажип) болғаны көрінген болмыс. Қандай да бір заттың болмысын жоқ деп ойлау қарсылықты туғызбаса, яғни жоқтығы түсінікті болса бұл болмыс мүмкін болып табылады. Бір болмыстың жоқтығын түсіну қарсылық пен қайшылық туғызатын болса, яғни жоқтығын ойлау мүмкін болмаса, бұл міндетті (уажип) болып табылады.

Мүмкін, бар болуы үшін бір себепке мұқтаж болады, яғни мүмкіннің жоқтығын ойлау, қандай да бір қайшылық туғызбайды.

Фараби мүмкіндікті кеңірек ашықтау үшін оны екіге бөледі. Біріншісі шынайы мүмкін, екіншісі тек қана өзіне қарай мүмкін. Негізгі болмысын керекетпеген, бар уақытында жоқтығы түсінікті болған объект шынайы мүмкіндік болып табылады[6]. Затына қарай тек қана мүмкін болған мүмкіндіктің белгілі бір анықтамасы жоқ. Шынайы мүмкінмен бұның арасындағы айырмашылық маңызды болса да әл-Фараби мүмкіндікті осылайша екіге бөле отырып, терең зерттеген.

Бір заттың өздігінен бар болуы бір нәрсе, басқа нәрсемен байланысты болуы басқа бір нәрсе болып табылады. Бір объектінің өзі (заты) көз алдында тұрғанда үш ықтимал ортаға шығады:

Өзі (заты) болмысының міндетті болғанын керек етеді,

Өзі болмысының мүмкіндігін керек етеді,

Өзі болмысының болымсыз болғанын керек етеді,

Жалпы айтқанда, объект өзінің негізіне қарай мүмкін, басқасымен қатынасының іс-әрекетпен бар болуына қарай міндетті және басқасымен байланысының әрекетпен келісуіне қарай болымсыз болады.

Бір заттың негізі мүмкін болса, бұл сол негіздің міндеттілік табуы мүмкін емес. Сырттан келген қуат, құдірет және күштің бұл негізді жоқ қылуы, басқа түрге қоюы мүмкін болады. Бірақ, ол негізді міндетті жасамайды, бұл теңдік заңына қайшы келеді.

Жалпы болмыс екіге бөлінеді. Міндетті және мүмкін. Міндетті де екіге бөлінеді: затымен міндетті және себеппен міндетті. Мүмкін де шынайы мүмкін және затымен мүмкін болып екіге бөлінеді. Затымен мүмкін және себеппен міндетті, бірдей болғандықтан соңына олар бірігіп:

Міндетті

Затымен мүмкін және себеппен міндетті,

Шынайы (әр тараптан мүмкін) бөлімдеріне бөлінеді.

Мүмкіндік әл-Фарабидің ойынша басқамен міндетті болмыс халіне келген.

Әл-Фараби міндетті жоқтықтан бар болу немесе бар етудің нәтижесіз тартыстарын осылайша өзінше шешеді. Жаратылғанның тек бір мүмкіндігі бар. Бұл да тек қана өзінің керектірген объект болуы ғана.

Әл-Фараби бұл түрдегі (шынайы мүмкін, болымды мүмкін, жаратылған мүмкін) мүмкіндікті ашықтыққа жеткізеді. Болымдының өзінің керектірген мүмкіндіктен мақсаты сырттағы болмыстың өзімен бірге болуы шарт болмаған негіз болғанын негіздейді. Басы болмағанның екі түрлі мүмкіндігі бар: Біріншісі мүмкіндік, яғни сыртта болмысы шарт есептелмеген, өзінің керектірген мүмкіндік. Екіншісі сыртта болмысының болу шартымен өзін керектірген мүмкіндік. Себебі, мүмкіндікті өзінен бұрын табылмаған негіз бар болғанда, өзінің керегі ретінде емес, болмысы жағынан, ол өзінің керегі болуынан басқа бір нәрсе болып табылады. Себебімен сыртта болмысы шарт, есептелмеген бір мүмкіндігі бар. Бұл оның бірінші мүмкіндігі болып табылады. Сыртта бар болу шарты мен өзінің керегі болғанына қарай екінші бір мүмкіндік те бар, бұл барлықтың шарт саналуынан оны себебімен міндетті жағдайға әкеледі. Әл-Фараби «басы болмағанның мүмкіндігі болмысынан алдын емес» – дейді [7]. Олай болса, болғанының мүмкіндігі мен болмысы бірге нақты болады. Бұл жері осындай болғанда артта қалған шынайы мүмкін яғни болым, мүмкін болып табылады бірақ, мүмкіндігі нақты болып табылады. Болмысы бүтін болмыстардан бөлек болып, одан басқа ешнәрсе бола алмайды. Оның басқаларынан бөлек болуы, затында бірлікті керекетеді. Бірлік мағыналарының бірі де бүтін болмысты басқасынан айыратын ерекше болмыс. Осы себептен әрбір болмыста өз ерекше болмысымен бір деп

айтылады. Арабтілді философ әл-Фараби Алланың бірнеше есімі болған, әрі абсолютті бір болған нәрсе деп ойлауда, алайда, Алла бірнеше есімдері және сипаттары болуымен қатар, бірлігін қалай қорғай алуда? Бұл сұраққа Фарабидің берген жауабы мынадай: «Шынында Алланың есімдері адамдарда бар болған ең үлкен есімдер. Бірақ, бұл ең үлкен есімдер бізде болған пішіндер емес. Олардың өздерінде бар болған мықтылығынан беріледі. Олар әр түрлі ұлы түрлерді түсіндіреді. Сонымен қатар, Алланың бірнеше әдемілік түріне ие болғаны да ойланылмауы керек. Керісінше көп сонда болған ол есімдер бір тек жаухарға дәлелдік етуде. Ол жаухар еш бөлінбейді және бөлінуді қабыл етпейді. Алайда адамда кемелдікке бастайтын есімдер тікелей ол заттың өз затына ишарат етеді. Мысалы, барлық бірлік әрекетті болу мысалдарында болғаны сияқты, не де ол заттың тысындағы әділет және мысалдарға болғаны сияқты» [8]. Аллаға көркем есімін беру, одан болмыс пайда болуында. Бұл жалғау не оның кемелдігінің бір бөлігі, не осы есімнің көрсеткен кемелдік, осы жалғау арқылы мықты болып, керісінше осы есіммен оның жаухарына дәлелдік етуде. Бұл жалғау оның жаухарымен мықты. Әсіресе, әл-Фарабидің ойынша есімдер оған байланысқан. Бірақ, бұл жерде әл-Фарабидің Алла есімдерін және жоққа шығару нәтижесі шығарылмау керек. Себебі, үйлесімді болған нәрсе, ол негізге дәлелдік ету үшін тағылған этикет. Барлығының бүтін кемелдігімен жоқтықтан ұзақ болған алғашқы және тікелей тиісті болған нәрсе әл-Фарабидің пікірінше ол Алла. Алла өзін өздігіннен танытқаны үшін әрі ақылдық, әрі күмәнсіз қабыл етіледі. Бұдан басқа оның күдіксіз ақыл және күмәнсіз ақыл болуы үшін, өз тынысындағы бір затты танытуына мұқтаждығы жоқ. Ол өз затын білдірумен ақыл және ақылды болады. Түсіндірген зат түсіндірілген бір болғаны үшін де ол кәміл бір ақыл. Алайда, ол әрі ақыл, әрі қабыл, әрі ақылды болған бір зат сондай-ақ, бөлінбейтін бір тек жауһар. Алла жауһарымен өзінен басқа болған барлық нәрседен басқа, сол себептен жалғыз. Егер екі Алла болса еді, ол кезде араларында еш болмаса бір пікірде айырылатын еді. Шындығында Тәңірдің болмысы мәртебе жағынан бір Тәңір жауһар себебімен Тәңір болса одан басқа жауһар болмау керек. Алайда, ұлылықта толық деу, бұл одан басқасына тиісті болмаса керек. Яғни, алғашқы болмыс себебінен жалғыз. Қарсы олардың жауһары ол қарсылықты пайда қылуда емес, қарсы болмаулары да мүмкін, ол кезде эзәли (бастамасы жоқ) болмайды. Сол уақытта қарсының бар болуы, өз теңінің жоқ болуы мен бар болады яғни, алғашқы бола алмайды. Қарсылықтар болмыстарынан бөлек басқа мәртебеде. Егер, алғашқының теңі болса, өзімен бір мәртебеде болған бір басқа болмыс болған болады [9]. Алайда, алғашқының болмысы мен бір мәртебеде болған басқа бір болмыс жоқ. Ол кезде алғаш болмыс та жалғыз болуы керек. Алғашқының танымы айтылмайды. Қандай нәрсе және сурет бір нәрсенің болмысының себебі болса, бір нәрсенің танымының бөлшектері де, танымы айтылған нәрсенің себебі. Алғашқы болмыстың танымы мүмкін

болатын бөлу жасалмағаны сияқты, сапасы жағынан да бір айыру жасалынбайды. Өйткені, оның үлкендігі жоқ, дене емес танымы жасалынбайды. Алғашқының болмысы заты себебімен бар болған нәрседен басқа еш нәрсе емес. Болмысы не болса, заты да сол. Бар болуы өзіне қатысты болмысы әр түрлі болмыстан айырылған. Егер, бір нәрсе материяға мұқтаж болмаса, ол нәрсе жауһар себебімен әрекетсіз ақыл болады. Әл-Фарабидің әлемнің мәңгілгі және кейін жаратылғандығы туралы мәселені қарастыру әрекеті оның философиясын жан-жақты қамтуды меңзейді. Себебі негізінде ғаламның болмысы туралы мәселе бір жағынан болмыс және мән(болмыс және табиғат) арасындағы қатынастарды қамтыса, екінші жағынан болмыс және қозғалыстың, кеңістік және уақыттың әрбірімен арадағы байланыстарды қарастыратын философиялық мәселе болып табылады. Сондай-ақ аталмыш мәселе метафизикалық және физикалық болмыстарға қатысты болуымен қоса мүмкін және қажетті болмыстармен де байланысты екені анық.

Фарабиге сәйкес, болмыс дегеніміз – материяның өз формасымен байланыстылығы болса, бейболмыс дегеніміз – материяның одан ажырауы болып табылады. Әл-Фараби – ғаламның ежелгі болмысын және уақыт пен қозғалыстың мәңгілгі арасын байланыстырды. Бұның себебі Әл Фарабидің уақытты ғалам қозғалысының өлшеуіші ретінде тануында жатыр. Егер әлемнің жоқтығы қабылданса, онда уақыттың да, қозғалыстың да болмысы мүмкін болмайды.

Әл-Фараби былай дейді: «Уақыттың басталуы бар; оның бастауы – Шынайы Бірінші, яғни, Алла. Заттың бастауы – заттан өзге нәрсе... Және күллі әлемді расында екі қарапайым, біртекті заттан: материя мен формадан құралғандығы хақ... Оның болмысы уақыттан тыс, бірден немесе бір мезетте болды, сондай-ақ, оның жоққа айналуы да уақытсыз болады.... Ғаламның бөлшектері уақыттың ішінде пайда болады, жоқ болады; ал Бір Хақ Барлығын жаратушы Алла Тағала үшін пайда болу қалыптасу немесе ыдырау, жоққа айналу сияқты түсініктер қатысты емес» [10].

Бұл жерде ойшыл Ғаламның тұтастай алғандағы болмысы мен бейболмысының, яғни оның барлығы мен жоқтығының жиынтығының және ғаламның бөлшектерінің пайда болуы мен ыдырауының аражігін ажыратуға тырысады. Егер болмыс (бар болу) синтезді немесе бірігуді білдірсе, бейболмыс (жоқ болу) ыдырауды немесе жіктелісті меңзейді.

Әл – Фараби түсінігіндегі уақыттың мәңгілігі (ежелгі сипаты) Аллаһтың мәңгілігіне ұқсас: бұл ұқсастықтың рас болуы үшін уақыттың бастауының Шынайы Бірінші (Аллаһтың бастауы болуы мүмкін емес) болуы шарт болып табылады. Философ эманацияға сүйенген өзінің мектебінің шеңберінде ежелгілікке (болмыстың бастауының болмауына) қатысты жасампаздық пен жаңашылдық дәстүрлерінен айнымаған болса, мәңгілік (болмыстың соңының болмауы) мәселесінде Платонның көзқарасын мақұл көріп, оны қабылдады және осы негіздеме арқылы белгілі дәрежеде әлемнің мәңгілігі туралы идеяны қорғауға тырысты.

Ол өзінің, «Қос хакімнің көзқарасын біріктіру» атты еңбегінде былай деп жазды: Негізінде әлем бос тағайындалмаған (белгіленбеген), бірақ тағайындалуға (белгіленуге) қабылетті заттан тұрады... Кейін, Жасаған (Жаратушы) Әлемді мәңгі, соңы жоқ етіп жасауды ұйғарды. Алайда оның мәңгілігі пайда болушы заттар үшін мүмкін емес болып табылатын идеалды мәңгілікке ұқсамайды. Сөйтіп, Ол тұрақты мәңгіліктің қозғалушы формасын жасағысы келді. Уақыт сандардың заңдылығына сәйкес алға жылжитын болды; бұрын болмаған күндер, түндер, айлар, мезгілдер пайда болды. Жаратушы уақыттың ең жақсы өлшеуішінің (көрсеткішінің) планеталардың қозғалысы екенін жөн деп тапты; отты алып, Күнді, Айды, басқа планеталарға жарық беретін, айналадағы заттар етіп жаратады. Олардың әрбірі үшін, оларды қозғайтын, басқаратын рухын жаратты.

Әл-Фараби өз еңбектерінде ғарыш пен адамды және оның парасатын қамтитын Ғаламның синтетикалық суреттемесін жасады. Әл-Фараби космологиясы өз мәні бойынша идеалистік болғанымен, бірақ оның материалистік сипаттағы сарындары да бар. Онда алдыңғы космологиялық ілімдерде көрініс тапты. Қарама-қайшылық әл-Фарабидің бүкіл дүниетанымына тән болсада, оның философиясының маңызына нұқсан келтірмейді. Поляк фарабитанушысы Ю. Белявскийдің әл-Фарабидің философиялық жүйесіне берген бағасы біз үшін әділетті сияқты: «...аристотелизм, платонизм және неоплатонизм, сондай-ақ исламның негізгі догматтарын біріктіріп және әртүрлі элементтерді жинақтау арқылы әл-Фараби мұсылман философия негіздерінің өзіндік жүйесін жасай алды. Алғашқы себеп, бір құдайдан – тіршіліктің жалғыз негізінен – ол өзінің космологиясының, физика мен психологияның бастауында жатқан он интеллектіге келеді. Әлем осы интеллектілермен басқарылады, олар оны тәртіпке келтіріп, дұрыстайды. Табиғат осы күштерге тәуелді және жаратылыстың барлық өзгерістері туралы шешімді солар қабылдайды.

Оның жүйесінің негізінде исламмен қатар Аристотель мен Плотин философиясы жатыр. Аристотельден әл-Фараби абсолютті абстрактілі құдай ұғымын, ал Плотиннен шексіз және трансцендентті құдай концепциясын қабылдайды. Мұсылман ретінде ол алғашқы мән түсінігінде қабылдай алды. Өйткені, Аллаһ ең кемел және жоғары мән әрі дүниедегінің барлығының жаратушысы ғой. Одан әрі әл-Фараби Аристотельден он интеллект туралы ілімді қабылдайды, бірақ оны Плотиннің эманация теориясымен негіздейді.

Әдебиеттер

1 *Әл-Фараби*. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973. – 158 б.

2 *Құрманалиева А.Д.* Әбу-Насыр әл-Фарабидің философиялық ілімі. – Алматы, 2006. – 162 б.

3 *M. Fhri*. Islam felsefesi tarihi. – Sтамbul, 1996. – 103 б.

- 4 *M. Bairaktar*: Islam felsefesine giris. – Ankara, 1997. – 174 б.
- 5 Сонда. – 103 б.
- 6 *Farabi*. Ihsual ulum. O. Eminbaskisi. – Kair, 1949. – 159 б.
- 7 *Қасымжанов А.Х.* Абу Насыр аль-Фараби. – Алматы, 1997. – 33 б.
- 8 *Салих Махди Аммаш*. Әл-Фараби нитадж әл-арабийа // Әс-Саура. 1975, 30 октубир.
- 9 *Құрманалиева А.Д.* Әбу-Насыр әл-Фарабидің философиялық ілімі. – Алматы., 2006. –162 б.
- 10 *Момынкұлов Ж.Б.* Әл-фарабидің дүниетанымында діннің алатын орны. – Алматы, 2009. – 55–60 бб.

Резюме

Сулейменов П.М. Проблемы бытия в философии аль-Фараби

В этой статье Аль Фараби рассматривается единые философские принципы понятий бытия, естествознания и религий. Создатель и человек, общество и природа, бытие человек, ценности материальные и духовные рассматриваются в единстве и разнообразий в онтологии и гносеологии. Особые внимание уделено арабско-мусульманской философии Аль Фараби, частности его универсальному описанию онтологии.

Summary

Suleimenov P.M. Problems of Being in Philosophy of Al-Farabi

In this article, Al Farabi considered common philosophical principles concepts being, natural sciences and religions. Creator and man, society and nature, being people, material and spiritual values are considered in unity and diversity in the ontology and epistemology. Special attention is given to the Arab-Muslim philosophy of Al Farabi, particularly its universal description of ontology.





ОӘБ 1(574) (091)

Қуаныш Әлжан, Берік Аташ

**ҚОРҚЫТ АТА
ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ
АДАМ МЕН ӘЛЕМ
БІРТҰТАСТЫҒЫ**



Аннотация. Мақалада VII–VIII ғасырларда өмір сүрген Қорқыт Атаның туындыларындағы адам мен әлемнің арақатынасы туралы ойтолғамдар сараланады. Бұл толғаныстар: адам табиғат туындысы – табиғат адам қамқоршысы; әлем заңдылықтары бойынша коэволюциялық тіршілік ету; туған жер табиғатына деген сүйіспеншілік қатынас; табиғатқа құрметпен қарау т.б. бағдарлар бойынша талданады. Қорқыт Атаның философиясының адам мен әлемнің біртұтастығы идеялары көне түркілік руханияттағы «Мен және Әлем» қатынасын негізге алған идеялармен келіп сабақтасатындығы және оның бүгінгі күнге дейін жалғасқандығы туралы жүйемен баяндалады. Сонымен қатар, бұл идеялар қазіргі заманмен байланыстыра көрсетіледі. Атап айтқанда, оның өлімнен қашуы – қазіргі заманғы жастар арасындағы суицидтің алдын алу үшін өнегелік, бақсылығы – рух берушілік, табиғатқа қатынасы – отансүйгіштік пен елді, жерді құрметтеу және экологиялық сана қалыптастыру салаларында маңызды рөл атқаратындығы туралы тұжырымдар жасалған.

Түйін сөздер: Әлем, адам, тұтастық, дүние, табиғатпен үйлесімділік, Қорқыт Ата, қобыз, күй, бақсылық.

Бүгінгі таңдағы ұлттық бірегейлену өз кезегінде, тұтас руханиятымызды қайта жаңғыртып, оның тарихи-рухани тамырларынан сусындап, өткеннің бүгін мен болашақ үшін игілікті және тиімді болып табылатын қырлары мен құндылықтық бағдарларын өрістетуге жалғасын тауып келеді. Бұл үдеріс өз кезегінде түркі-қазақ тарихындағы ұлы тұлғалардың идеяларын сараптаумен, төлтума ойлары мен толғаныстарын зерделеумен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Осы орайда, біз, VII–XII ғасырлардағы түркі халықтарының рухани өрлеуі мен ренессанстық кезеңінің бастауында жатқан оғыз-қыпшақ ұлысының ойшылы VII–VIII ғасырларда өмір сүрген Қорқыт Атаның философиялық ойтолғаныстарына, оның адам мен дүниенің біртұтастығы хақындағы пайымдауларына тоқталамыз.

Қорқыт Ата тек данышпан ғана емес, қобызшы, жыршы, хан кеңесшісі, бақсы т. б. көпқызметті және тарихи тұлға, әрі аңыз кейіпкері. Сондықтан оның дүниетанымы натурфилософиялық, мифтік, діни, философиялық танымның түбірлестік бірлігін құрайды. Оның философиясының қайнар

көздері 12 жырдан құралған «Қорқыт ата кітабы» мен оған енгізілген даналық сөздері, Қорқыт туралы аңыздар мен оның күйлері және шығу тарихының мазмұны болып табылады.

Түркі-қазақ философиясын зерттеуші қазіргі заманғы отандық философтардың ортақ бір тұжырымы олардың пайымдауларының негізгі әдіснамалары – этикоцентризм, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік, даналық мұраттары болып табылатындығымен келіп орайласады. Шындығында да, мұндай ұстанымдық бағдарлардың бастауы тым көне түркілік дәуірлердің руханияттық кеңістігінен тамыр тартады. Осыған орай, Қорқыт Ата дүниетанымындағы адам мен әлемнің біртұтастығы идеясын шартты түрде мынадай бағдарларға жіктеп алып қарастырудың болады.

Адам табиғат туындысы – табиғат адам қамқоршысы. Әлемнің қолжетімді бөлігі табиғат бабамыздың жырларында жай ғана қоршаған сыртқы орта емес, адаммен біте қайнасқан және тұтастандырылған ұлы жүйе ретінде бағаланады. Мысалы, «Қорқыт ата кітабындағы» «Дірсе хан ұлы Бұқаш хан әңгімесінің баяны» жырындағы табиғатпен үйлесімділікке бағытталған сюжеттердің бір – жараланған Бұқаш ханның анасының сүті мен тау шешегін қатар пайдалану арқылы емделуі [1, 14 б.]. Мұндағы табиғат анасы мен шынайы анасының емдік әсерінің бірігуі – адам мен сыртқы ортаның кіріктірілген үлгісінің өзіндік философиясын тұжырымдайды. Табиғат адам өмір сүруінің алғышарты ғана емес, өміршең үздіксіздігіне ыңғайластырылған мегафактор екендігін дәйектейді. Демек, табиғи ортада адамзаттың мәңгі жасампаздығы үшін мүмкіндіктер берілгендігі, ал адам баласы оны игілікті түрде пайдалануға қабілетті екендігі туралы өмірмәнділік ұстындар жария етіледі. Немесе, керісінше, табиғат өзі тудырған перзенттерінің эволюциядағы орнын айқындап тұр деген сөз.

Әлем заңдылықтары бойынша коэволюциялық тіршілік ету. Қорқыт аңыз бойынша өлімнен қашу кезінде желмаяға мініп, қобыз асынып, шартарапты шарлайды екен [2, 5 б.]. Мұндағы түйе жануарының таңдалып алынуы мен қобыз аспабының және бабамыздың мақсатының үндестігі – өзіндік бір түбірлестік жүйені құрайды деп айта аламыз: түйенің боздауы мен қобыз үнінің дыбыстық үндестігінің мұнды сарынды құрап, бабамыздың өлім қайғысын абсолюттендіруі толғанысына келіп тоғысуы – Аспабы, Көлігі, Қорқыт тұтастығын паш етеді.

Осы аңыздың келесі бір нұсқасында Қорқыттың тартқан күйіне бүкіл табиғаттағы жүгірген аң, ұшқан құс т. б. барлық тіршілік иелері жиналып келіп тыңдап тұратындығы айтылады [2, 14 б.]. Бұл барша тіршіліктің өлім қайғысына ортақтасып, болмауды қабылдамай, болуға ұмтылатын мұраттарының тоғысуын білдіреді.

Демек, Қорқыт күйі бүкіл тіршілікке қарата айтылған өлім қайғысын ескертеді, ал олардың осы қайғыға ортақтасуы рәміздік түрде барша өмір сүретіндердің ең түпкі, ақырғы қайғысы – «болмау» қайғысын әлемге

әйгілейді, өткіншілікке қарғыс айтып, мәңгілікке ұмтылдырады. Мұндағы әрбір тіршілік иесі өзінше өз ғұмырын мәңгілікке жалғастыру үшін осы қобыз үнінен образды түрде өз сүйеніштерін таба біледі. Олай болса, бұл идеяда барша тіршіліктің органикалық тұтастығы мен эволюциядағы бір мақсаттылығы – өмірге деген құлшынысын, психоаналитикалық тұрғыдан айтсақ, эростың баршаға тағайындалған көрінісін айғақталады.

Қорқыт ата кітабындағы Байындыр ханның барша халықты жиып, «Ұлы болғанын ақ отауға, қызы болғанын қызыл отауға, ал ұлы-қызы жоқтарды қара отауға қондырыңдар», – деп бұйрық беруі [1, 14 б.] адамзат тіршілігінің негізгі мақсаттарының бірі – ұрпақтар сабақтастығы екендігі және оның әлеммен үйлесімділіктен туған эволюцияның заңды сұранысы екендігімен келіп ұштасады. Сондықтан да, ханның жарлығы бір қырынан ел мен жер, халқының көбеюі мен өркендеуі және ел қорғайтын әскери ресурстар үшін тағайындалады және ол талаптар эволюцияның заңдылығына келіп орайласады. Бұл да Қорқыт Ата дүниетанымындағы адамзат дамуы әлемнің даму беталысымен келіп сәйкестенетіндігі туралы тұжырыммен үндеседі. Себебі, Байындыр хан, «Ұлы, қызы жоқтарды біз де қарғаймыз, Тәңрі де қарғайды», – деп қаһарланады. Демек, ол өзінің жарлығының әлемдік, нақтырақ айтқанда, тәңірлікпен келіп үндесетіндігін жариялап тұр. Олай болса, бұл жердегі Тәңір талабы мен әлем заңдылығын жеке-жеке қарастыруға болмайды, мәселе, адамзаттың ұрпақ қалдыруға негізделген өрісінің ғарыштық үйлесімділікпен келіп тоғысуы болып шығады.

Туған жер табиғатына деген сүйіспеншілік және біте қайнасушылық қатынас т. б. Қорқыт Ата жырларының өзіндік бір ерекшелігі сыртқы табиғи ортаға деген сүйіспеншілік және оған деген қуанышты сезімдік қатынаспен өрнектеледі. Мәселен, «Қорқыт ата кітабындағы» «Дірсе хан ұлы Бұқаш хан әңгімесінің баяны» жырындағы оқиғалардың табиғи әлеммен туыстық байланысының эстетикалық қырларын ашатын эпизодтар сарыны жиі кездесетін және әртараптанып барып қайталанып отыратын тұтастық философиясына келіп тоғысады:

Таңғы самал жел соққанда,
Көкте бозторғай шырылдағанда,
Бедеу аттар иесін танып кісінегенде,
Қаба сақал мәзін азан шақырғанда...
Елең-алаңда Дірсе хан орнынан тұрды... [1, 39 б.].

«Таң философиясы» оптимистік көзқарасты рухтандырып, өмірге құмарлықтың ояну сәтін, жаңа басталған әрбір күннің қайталанбас даралығын құрметтеу сезімін тудыратын «алтын уақыттың күміс кезеңін» түйсінудің сана сезімдік ойтолғамдарын қуәландырады.

Бұл біріншіден, түркі даласының бейбітшілік сәттегі тұтас бейнесін, екіншіден, оғыз-қыпшақтардың ата мекеніндегі тұрмыс-тіршіліктің шат-шадыман өмірін, үшіншіден, туған жеріне деген сүйіспеншіліктің көрінісін, төртіншіден, дүние мен өмірге деген құштарлық тіршіліктің қуатын береді. Таң – жаңа туған әрбір күннің басталу нүктесі, сол күннің шешуші тағдырының алғышарты, осы дүниеде «Бар» екендігінің, өмірін жалғастырып жатқандығының дәйектеушісі болып табылатын күннің мезгілі екендігін ескерсек, адамға қуаныш сәттерді сыйлайтын «Мендік-уақытпен» келіп тоғысады. Жыр жолдарына көңіл аударсақ, алдымен, Самал Жел, одан соң, Бозторғай, одан кейінгі жүйе – Аттар, содан соң Қаба сақал мен Дірсе хан болып тізбектелгендігін аңғарамыз. Демек, бұдан мынадай жалпыдан жекеге қарай жүретін тізбекті алгоритм жүйесінің сәйкестеніп тұрғандығын аңдай аламыз: «Табиғат – Тірі табиғат – Қол астындағы Тірі табиғат – Адамзат тіршілігі – Жеке тұлға». Демек, «Тамсану» тек Таң мезгіліне ғана емес, оның тұтас болмысы мен жүйесіне арналады да, сайып келгенде, Дірсе ханның өзіне келіп тоғысады. Бұл түркі-оғыз еліндегі бейбітшіл замандағы табиғат құбылыстарының келбеті болса, жаугершілдік пен соғыс жағдайындағы келбеті басқаша, яғни, қайғылылық сипат алады: «Қарсы жатқан қара таудан асуға келдім, Ағынды қара судан өтуге келдім» [1, 53 б.]. Бұл – Қорқыт ата жырындағы қилы заман сәттеріне кезіккен кездегі толғаулар. «Қам Бура Бекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баяны» жырындағы тұтқыннан оралған Бамсы Бәріктің қуанышты хабарын жеткізуде табиғат қайтадан былайша құлпыра түседі:

Тауларың аласарған көркейді ақыр,
Суларың тартылған көбейді ақыр,
Қаба ағашың қуарған көгерді ақыр... [1, 62 б.].

Мұндай сезімдік қатынас даламен біте қайнасқан тіршілік нышандарын, әлеммен бірігуге ұмтылған өзара үйлесімділікті, туған даласымен өз көңіл-күйлерін біріктірген табиғатпен өзара туыстықты бейнелейді. Мысалы, Бамсы Бәрік тұтқында отырғанда оның даласының «таулары аласарған, ағаштары қуарған, сулары тартылған» күйде болып, бүкіл дала күңіреніп тұрса, кейінен ол түркі ұлының азаттық алуы арқылы қайтадан гүлденеді. Осыдан біз түркі-қазақ дүниетанымындағы дала философиясын туындата аламыз.

Арғытүркілік дәуірден бастау алатын кейіннен түркілік кезеңге жалғасқан басты құндылықтарының бірі, ұлттық іргетастың материалдық негізі, түптеп келгенде, тұтастай тарихи болмысының алғышарты, мекен еткен кеңістігі – дала, жай ғана физикалық координат, географиялық аймақ, меңгерусіз ландшафт, меңіреулік жайлаған қу жапан емес, тұтас «дала философиясын» қалыптастырған, ұлтпен үндескен руханилық пен

материалдылықтың бірлігіндегі табиғи құбылыс деп пайымдай аламыз. Себебі, дала көшпелінің өмірімен біте қайнасқан, тұтасқан, өмір сүру алаңы ретінде бүкіл тіршілігін жандандыратын оның болмысының маңызды бір бөлшегіне айналғандықтан, өзінің тұңғыық сырын ішіне бүгіп жатқан аймақ болғандықтан, түркілік пафос оған: «менің далам» қатынасын орнатады. Сондықтан оған деген эстетикалық қатынас сезімдік-сенімдік танымның іргетасын қалыптастырған, табиғат сұлулығына тамсану арқылы өзінің микрокосмдық үлгісін қайталап түйсіне білгендіктен туындайды.

Ол өзінің «кіндік қаны тамған» мекенінен бастау алып, тұтас елінің аймағына дейінгі кеңістікті қамтитын «отан» ұғымына тоғысатын туған жеріне деген сүйіспеншілікпен астасып жатыр. Ұлттық дүниетанымды зерделеуші Ж. Молдабеков қазақ халқындағы өмірге құштарлық кредосының тұтастанған көрінісін аша отырып, оны туған табиғатымен бірлікте болумен, оған деген сүйіспеншілік қатынасты сақтау қағидаларымен дәйектеп, дала философиясының сарынын былайша көрсетеді: «Қазаққа туған жердің мал-жанымен қатар торғайы да сүйкімді көрінеді. Оған құндылықтың бәрі де бірдей. Оның ыңғайға деген құмарттығы онды жағдайда артты, сол жағдайға бейімделуінде өсті» [3, 59 б.].

Далаға деген құрметтеушілік, қастерлеушілік, оның тылсымдығы мен құпиялылығын паш етушілік сезімдері халқымыздың ділінде бағзы замандардан бастау алады. Тарихымызға үңіліп: «Көне Үнділік дәуір рухани әлемдегі лайланбаған перспективалық күйінде де туған жерге деген сүйіспеншілікті дамыта алмады. Тек қана Парсыда, Зоратустраның қатаң жетелеуімен адам жерге өзінің отаны деп қарауды және онда еңбек етуді өзінің өмірінің мазмұны деп қарауды үйренді» [4, 13 б.], – деп байыпталған көзқарастар, егер түркілер кезінде зорастризмді ұстанғанын да ескере кетсек, туған жерді құрметтеудің түркі халықтарындағы түпбастаулық көріністерін жариялап тұрғандай болады. Тарихи деректерге жүгінсек, сақ патшаларының парсыларға берген «әуелі біздің ата-бабамыз жатқан қорымдарға тиісіп көрсін, сонда біз ашық соғысқа шығамыз» деген қаһарлы жауабында да осы даланы құрметтеу сабақтастығы танылады. Далада: өзен, су, тау, көк шөп, құм т.б. барлығы жеке-жеке және тұтасып барып қасиеттілік объектісіне айналады.

Осындай континуумдық географиялық орта түркі халықтары үшін психологиялық-эмоционалдық мәнге еніп, сүйіспеншілік мағынаны жамайтын «туған жер» түсінігіне өтіп, оны мекен еткен ел-жұрт – әлеуметтік-мәдени кеңістікті толтырып, дала адамының болмысын қалыптастырудың геологиялық, психологиялық, әлеуметтік детерминанттарын құрайтындығы бойынша – тәжірибелік өмір алаңы мен адамжасампаздық қасиетті тұғыр болып табылады. Бұл – шындап келгенде, есте жоқ ескі замандағы арғы ата-бабаларымыздан бастап, бертіңгі ғұндар мен сақтардың, одан кейінгі түркі халқы дәуірінің, қыпшақ ұлысы кезеңінің және қазақ халқы болмысының

бүгінгі күнге дейін сақталуының географиялық шарты, демек, қазіргі «Сіз» бен «Бізді» осы күнге дейін жеткізген биологиялық мирасқорлықтың рухани сабақтастығының әлеуметтік жалғасының кепілі және куәгері.

